



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІНЕ ОРАЙ ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!
Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі — бүкіл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз.

Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институттарын түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады.

15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасмыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шешімнің төл шежіремізде алтын әріппен жазылатыны анық.

Бұдан былай Конституция күні «Наурызанама» онкүндігімен қатар аталып өтеді. Мұның символдық мәні зор. Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан көктемгі жаңару дәстүрлерін Ата заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымыздың ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбек етуге деген талпынысымен үндеседі.

Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекетті — Әділетті Қазақстанды құрамыз!

Кастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған кәміл сенемін! Қазақстан Республикасы жасай берсін! Халқымыз мәңгі жасасын!

— ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫ —

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.
4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.


Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 1 шілде

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТТАРЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Канада Премьер-министрін ұлттық мерекемен құттықтады.




Қасым-Жомарт Тоқаев Канада күні — ұлттық мейрамына орай осы елдің Премьер-министрі Марк Карниге құттықтау жеделхатын жолдады.

Президент еліміз Канадамен достыққа және өзара құрметке негізделген көпжылдық серіктестікті жоғары бағалайтынын атап өтіп, екіжақты байланысты одан әрі нығайтуға бейіл екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Марк Карнидің жауапты қызметіне табыс, ал достас Канада халқына құт-береке тіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Польша Кагаме мен оның отандастарын Руанда Республикасының ұлттық мейрамы — Тәуелсіздік күнімен құттықтады.



Президент жеделхатында Руанда Республикасы Қазақстанның Африкадағы сенімді серіктесі саналатынын атап өтті. Сонымен қатар екіжақты ынтымақтастық қос халықтың игілігі жолында дами беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Польша Кагамемен жауапты қызметіне толайым табыс, ал достас Руанда халқына құт-береке тіледі.

КОНСТИТУЦИЯ — МЕМЛЕКЕТ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ СИМВОЛЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысына қатысып, сөз сөйледі.

— Қымбатты отандастар! Қадірлі депутаттар және Үкімет мүшелері! Бүгінгі Парламенттің қос Палатасының бірлескен отырысының тарихи мән-маңызы айрықша деп айтсақ, дұрыс болар. Бұл дүйім халқымыз үшін де айқын нәрсе, ақиқат. Бүгін біз мемлекетіміздің заң шығарушы органы — Парламенттің кезекті сессиясын аяқтап, Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы тұтас бір дәуірді қорытындылап отырмыз. Осылайша, тереңнен тамыр тартқан мемлекеттігіміздің жаңа кезеңіне қадам басқалы тұрмыз.

Ертен Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы заңды күшіне енеді. Ұлт заңымен қатар, мемлекеттік билік жүйесі де түбегейлі жаңа сипатқа ие болмақ. Қоспалаталы Парламенттің орнына Құрылтай келеді. Жалпы, бұл өзгеріс Қазақстанда тарихи сабақтастық бар екенін анық көрсетеді, — деді Президент.

ЗАҢ ШЫҒАРУШЫ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЙНАР БАСТАУЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл тұста осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын елімізде тұңғыш кәсіби Парламент құрылғанын еске салды.

— Мүлде жаңа институционалдық үлгіге көшкен заң шығарушы орган мемлекеттігімізді

нығайтуға елеулі үлес қосты, сондай-ақ еліміздің құқықтық негізін қалыптастыру және нарықтық экономиканы орнықтыру ісінде маңызды рөл атқарды. Қысқаша айтсақ, отыз жылдың ішінде 3,5 мыңға жуық аса қажетті заң қабылданды. Ал әрбір оныншы заңға депутаттар өздері бастамашы болды. Заң шығару жүйесінің қайнары бастауында бүкіл халқымызға және халықаралық қауымдастыққа танымал саясаткерлеріміз, көрнекті мемлекет қайраткерлері, белгілі қоғам қайраткерлері тұрды. Олардың жемісті еңбегі Парламент тарихында өшпес із қалдырды. Қажырлы қызмет халқымыздың жалынды мәңгі сақталып қаларына күмән жоқ.

Парламент әрдайым уақыт талабына тез бейімделіп, қоғам сұранысына лайықты жауап бере алатын жасампаз құрылым болды. Парламент — мемлекетіміздің басты өкілді органы, қоғамның түрлі саласындағы кәсіби мамандарды бір мақсатқа тоғыстырды. Елімізде саяси және заңнамалық тұрғыдан сапасы жоғары парламенттік мәдениет қалыптасты. Бұл — Қазақстанды дамыған ел ретінде айқындайтын ең маңызды көрсеткіштің бірі. Түптеп келгенде, Парламенттің әрбір шақырылымы Қазақстанның алға қарайтын сенімінен қадам басуына зор серпін берді, басқаша айтсақ, ұлтымыздың эволюциялық өрлеу жолының жарқын үлгісіне айналды, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Парламенттегі қайнаған еңбектің, онда қабылданған әрбір заңның Тәуелсіз еліміздің келешегі үшін қаншалықты маңызды болғанын жақсы түсінетінін жеткізді.

— Осы тарихи сәтке орай, ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, елге мінсіз әрі адал қызмет еткені үшін барлық шақырылымдағы Мәжіліс пен Сенат депутаттарына шынайы ризашылығымды білдіремін. Әсіресе, Парламенттің қазіргі құрамына, яғни сіздерге алғысым зор. Бұл шақырылымды Қазақстанның жаңа тарихындағы ең мықты құрамның бірі деп сеніммен айтамын. Себебі сіздер мемлекетіміздің дамуындағы өте күрделі және шешуші кезеңде жұмыс істедіңіздер. Баршаңыз ел өмірінде болып жатқан ауқымды өзгерістердің бастауында тұрдыңыздар. Қаншалықты қиын болса да, түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыру жолында табанды еңбек еттіңіздер. Сын сағатта жауапкершіліктен жалтармай, мемлекетіміз үшін аса қажетті реформаларды жүргізуге ұйытқы болдыңыздар, — деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.


Мемлекет басшысы кейінгі үш жылдың өзінде 300-ден астам өте маңызды заң қабылданғанын айтты. Олардың қатарында еліміздің алдағы биік белестерінің сенімді арқауы болатын, тарихи мәні зор конституциялық заңдар мен кодекстер бар.

— Осы тұрғыдан алғанда, сіздер өздеріңізге жүктелген міндетті абыроймен атқарып шықтыңыздар. Әділетті әрі Қуатты Қазақстанды құру үшін қажырлы еңбек еттіңіздер. Сіздердің табанды, мардымды еңбектеріңіз еліміздің жылнамасында қалатынына күмән болмауы керек. Дегенмен уақыт бір орында тұрмайды, зымyraп өтіп жатыр. Көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан қазіргі кезеңде шын мәнінде жаңашыл әрі батыл қадамдар жасалуға тиіс. Осы өзекті мәселені мен бұрын да бірнеше рет айтқам. Бұл — заман талабы.

Халықаралық ахуал уақыт өткен сайын күрделеніп, құбылып, тұрақсыздық белең алғанын көріп, біліп отырсыздар. Бұл жағдай жаһандық экономикаға орасан зардабын тигізіп жатыр. Халықаралық валюта қоры мен Біріккен Ұлттар Ұйымының құзырлы агенттіктерінің болжамы бойынша алдағы екі жылда әлем қауымдастығы, соның ішінде жекелеген мемлекеттер экономикалық жоспарларын жүзеге асыру кезінде едәуір қиындыққа тап болуы мүмкін. Бірақ еңсені түсіріп, үрейге бой алдыруға болмайды. Үкімет елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін барынша белсенді және ширақ жұмыс істеуге тиіс. Инфляцияны тежеп, оны мейлінше төмен деңгейге жеткізген жөн, сондай-ақ экономиканың қарқынын төмендетпей, керісінше, оның көрсеткіштерін ұлғайту қажет, — деді Президент.

(Жалғасы 2-3-беттерде)

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕРСПЕКТИВАСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық гимнастика ұйымдарының жетекшілерін қабылдады.

Мемлекет басшысы Халықаралық гимнастика федерациясының президенті (FIG) Моринари Ватанабэмен және Азия гимнастикалық одағының (AGU) президенті Абдулрахман Әл-Шатримен кездесті.

ӘУЕ ТАСЫМАЛЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Президент Air Astana компаниясының бас атқарушы директоры Ибрахим Жанлыелді қабылдады.

Мемлекет басшысына Орталық Азия мен Кавказда жетекші орын алатын Air Astana компаниясының операциялық және қаржылық көрсеткіштері туралы мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Air Astana әуе паркін 2026–2027 жылдары Boeing 787 Dreamliner жаңа буын ұшақтарымен толықтыруды жоспарлап отырғаны баяндалды. Компания Airbus A320neo және A321neo маркалы 50 ұшаққа және Boeing 787-9 маркалы 15 әуе кемесіне тапсырыс берген. Олар 2036 жылға дейін жеткізіледі.

Ибрахим Жанлыел Президентке компанияның ұзақмерзімді даму стратегиясын таныстырды. Аталған құжат Қазақстанның өңірлік авиациялық хаб ретіндегі орнын нығайтуға және компания қызметін халықаралық деңгейде кеңейтуге бағытталған.

Air Astana бағыт санын көбейтіп, мультимодальды тасымалды дамытуды, сондай-ақ ұшу жиілігін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Цифрландыру мен жаңа технологияларды енгізуге баса мән беріледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев әуе паркін толықтыру, бағыттар желісін арттыру және тасымалдау әлеуетін нығайту секілді стратегиялық мақсаттарды тиімді іске асырудың маңызына тоқталды. Президент АҚШ және Жапония елдерімен тікелей әуе тасымалын ұйымдастыруды басымдық ретінде атады.

Әңгімелесу барысында елімізде гимнастика спорты түрлерін дамыту және насихаттау бойынша ынтымақтастық перспективасы талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев FIG және AGU ұйымдарының Қазақстан гимнастика федерациясына көрсетіп келе жатқан жан-жақты қолдауын жоғары бағалады.

Президент бүгінде елімізде гимнастиканың балалар мен жастар арасында танымалдылығы арта түскенін атап өтті. Көптеген жергілікті залдармен қатар, ұлттық құрама жаттығатын және халықаралық жарыстар ұйымдастырылатын үш арнаулы кешен жұмыс істейді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Алматы қаласында Орталық Азиядағы ең ірі әрі бірегей Гимнастика орталығының құрылысы басталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның ауқымды спорт іс-шараларын өткізуде айтарлықтай тәжірибе жинағанына тоқталды.

Мемлекет басшысы еліміздің спорт саласын дамыту және ірі халықаралық додаларды өткізу бойынша бірлескен бастамаларды қарастыруға дайын екенін растады.

Моринари Ватанабэ мен Абдулрахман Әл-Шатри Қазақстан басшылығының кәсіби және бұқаралық спортқа көрсетіп отырған қолдауына оң баға берді. Меймандар еліміздің даңқын әлемдік аренада асқақатып жүрген қазақстандық атлеттердің жетістігіне ерекше назар аударды.

Мемлекет басшысы Қазақстанда және әлемде гимнастика спортын дамытуға сіңірген еңбегі үшін Халықаралық гимнастика федерациясының президенті Моринари Ватанабэні I дәрежелі «Достық» орденімен, ал Азия гимнастикалық одағының президенті Абдулрахман Әл-Шатриді II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.



Мемлекет басшысы рейстің кешігуі, борттың ауысуы секілді жолаушылар тарапынан үнемі сын айтылатын мәселелерге назар аударып, қазақстандықтар жиі саяхаттайтын елдермен әуе тасымалын дамытуға шақырды.

АҚОРДА

2 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ

КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТ ТҮТАСТЫҒЫНЫҢ СИМВОЛЫ

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, ресми түрде бастау алған мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі жаңғырту жұмысын кезекті әкімшілік реформа деп түсінуге болмайды.

— Біз ел Тәуелсіздігінің мызғымас тұғыры мен іргетасын көздің қарашығындай сақтап, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіре түсуге міндеттіміз. Бұл — аса маңызды міндет. Былтырғы Жолдауымызда Қазақстанды үш жылдың ішінде дамыған цифрлық мемлекетке айналдыру жөнінде міндет қойғанымыз білесіздер. Еліміздің келешегі осы мақсатты қалай іске асыратынымызға байланысты. Біз Қазақстанның Тәуелсіздігі мен Егемендігін сенімді түрде қорғау мәселесін әлі түбегейлі шешкен жоқпыз. Мұны ешқашан естен шығармайық. «Жау жоқ деме, жар астында» деген тәмсілді әрқашан қаперде ұстаған жөн. Біздің басты мұратымыз — халықтың әл-ауқатын арттырып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл көрсеткіштерді ұдайы көтеріп, осы үрдісті үздіксіз жалғастыра беруіміз қажет, — деді Мемлекет басшысы.

ТЕНГЕРІМДІ ЖҮЙЕ

Осы тұста Президент бірлесіп атқарған жұмысты қорытындылап, алдағы даму жоспарын айқындады.

— Біріншіден, мемлекеттік биліктің жаңа құрылымын қалыптастыру. Әлгінде айтып өткенімдей, осы шақырылымдағы Парламент депутаттары заң шығару ісінде сапалы жұмыс атқарумен есте қалады. Депутаттар корпусы өз қызметінде бұрын-соңды болмаған нәтиже көрсетті. Сіздер Әділетті Қазақстанның негізін қалау үдерісінде, сондай-ақ Конституцияның өзгерілеп, қабылдауға зор үлес қостыңыздар.

Жалпы, депутаттық корпус парламенттік реформаны толық қолдады. Сол арқылы саяси және азаматтық жауапкершілікті танытып, ұлт мүддесі бөрінен биік тұратынын бүкіл әлемге паш етті. Осында отырған біраз депутат Конституциялық комиссия құрамында болды. Сіздер азаматтармен кездесіп, мемлекетіміздің тұрпатын өзгертетін, экономикалық әлеуетін күшейтетін реформалардың мән-маңызын жұртшылыққа жан-жақты түсіндіріп бердіңіздер.

Сіздер жалпыхалықтық референдумда Ата заңымыз қабылданған соң мемлекетіміздің құқықтық жүйесін жедел әрі сапалы жаңарту жұмысын жүргіздіңіздер. Өте қысқа мерзімде еліміздің заңнамасын жаңа Конституция нормаларына сай өзгерту жұмысын атқардыңыздар. Атап айтқанда, Парламент 9 заң топтамасын, соның ішінде 6 конституциялық заңды шұғыл әзірлеп, қабылдады. Нәтижесінде, мемлекеттік биліктің «Күшті Президент — ықпалды Құрылтай — есеп беретін Үкімет» деген базалық формуласы толыққанды институционалды мәнге ие болды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, жанарған билік тармақтарының теңгерімді жүйесінде Президент Тәуелсіздік пен мемлекет тұтастығының символы, Конституцияның және азаматтардың заңды құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі ретінде бұрынғыдай басты рөл атқарды.

— Қазақстан президенттік республика болып қала береді. Мұны түсіну, ескеру өте маңызды. Яғни Президент — мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы, Қарулы күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы, барлық құқық қорғау органдарының басшыларын тағайындайды, елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, Қазақстан атынан халықаралық аренада өкілдік етеді.

Сонымен қатар жаңғырту жұмыстары парламенттік жүйені одан әрі трансформациялау тетіктерінде де қарастырылды. Құрылтайдың алдында барлық бюрократиялық рәсім түріндегі кедергілерді жою, заң шығару ісін жеделдетіп мен сапасын арттыру, білікті сарапшылардың және консультанттардың қызметін тиімді ұйымдастыру міндеті тұр.

Жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде Құрылтайға ұлттық заңнаманы тез өзгеріп жатқан цифрлық матрица жағдайына шұғыл бейімдеу үшін қарқынды жұмыс істеуге тура келеді. Бұл — өте маңызды. Қазақстанның жаһандық бәсекеге қаншалықты дайын екені осыдан көрінеді. Құрылтай технологиялық прогрестің жетекші факторы болады деп үміттенемін.

Былтыр қазан айында өткен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының алғашқы отырысында мен толыққанды е-Parliament жүйесін енгізу мәселесін көтерген едім. Қазақстан e-Government, яғни Электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша жаһандық рейтингте әлемдегі үздік 25 елдің қатарына кірді. Енді Электрондық Парламентті қалыптастыруға және дамытуға көп күш-жігер жұмсауымыз қажет, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, жаңадан сайланған депутаттар заң шығару ісінде болжамды сараптамаға, Үлкен дерекқорды басқару арқылы кез келген шешімнің экономикалық салдары мен әлеуметтік тәуекелдерін модельдеуге баса мән беруі керек.

— Құрылтай жалпыұлттық деңгейдегі ашық диалог алаңы ретінде қызмет етіп, қоғамды толғандырған өзекті мәселелерге дер кезінде назар аударуы қажет. Бұл — азаматтардың дәйекті өтініштері міндетті түрде ескеріліп, нақты нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау арқылы мемлекеттік



мекемелерге тиісті тапсырмалар берілуі керек деген сөз.

Шын мәнінде, тиімді жұмыс істейтін қоғамдық институттары болса ғана, Озық және Әділетті мемлекет қалыптасарды. Сол себепті, мен жаңа конституциялық орган — Қазақстан Халық Кеңесін құруды ұсындым. Қазақстан Халық Кеңесі сарапшылардың, қоғамдық кеңестердің, сарапшылар алаңы мен азаматтық қоғам ұйымдары өкілдерінің басын біріктіреді. Бұрын Қазақстан халқы ассамблеясына тиесілі болған қызметтік міндеттер енді Халық Кеңесіне өтеді. Осылайша, құрылым форматы өзгергенмен, жалпыұлттық бірлігіміздің мәні ішкі саясатымыздың маңызды бағыты ретінде сақталды. Халық Кеңесі — тарихымызда алғаш рет конституциялық деңгейде құрылған диалог алаңы. Көпұлтты және әралуан Қазақстанымыздың символы. Бұрын шашыраңқы болған құрылымдар заң шығару бастамасын көтеру құқығына ие болатын Жоғары консультативтік органның аясына бірігеді. Демек, халықтың үніне құлақ асу мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігіне айналады, — деді Мемлекет басшысы.

ЭКОНОМИКА – БАСТЫ ҚОЗҒАУШЫ КҮШ

Қасым-Жомарт Тоқаев екінші мәселе ретінде Қазақстан экономикасын жаңа үлгіге көшіру жайы айтып.

— Бұл — аса маңызды стратегиялық міндет. Оған жедел түрде қол жеткізу үшін жаңа көзқарас, жаңа ұстаным қажет. Бұрынғы жұмыс тәсілдері мен әдістері тиімді болмайтыны анық. Бұған дейін де айттым: жаһандағы жағдай, жалпы халықаралық ахуал жыл өткен сайын ушығып барады. Түрлі қақтығыстар мен сын-қатерлер аз емес. Бірақ біз соған қарамастан, саликалы саясат жүргізіп, нық сеніммен алға қадам басып келеміз. Біз бұл саясатты берік ұстануымыз қажет. Былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Мұны әлем елдерінің даму қарқынымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш деуге болады. Жалпы ішкі өнім ел тарихында алғаш рет 300 миллиард доллардан асты. Оның жан басына шаққандағы үлесі 15 мың доллардан асып, 2019 жылдан бері бір жарым есе артты. Бұл — Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасындағы ең жоғары нәтиженің бірі.

Инфляция бағамы төмендеді: биылғы бес айдың қорытындысы бойынша оның деңгейі 10,4 пайызға дейін түсті. Бірақ бұл көрсеткішті әлі де төмендету керек. Қазақстанның қаржы жүйесі тұрақты. Ұлттық валютамыз да өз тұғырында нық тұр, сыртқы қауіп-қатерлерден сенімді түрде қорғалған деп айтсақ, қате болмайды, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Бюджет және Салық кодекстеріне сәйкес, еліміздің экономикалық жүйесі толығымен қайта жаңғырып, мемлекет қаржысын басқаруға қатысты ұстаным түбегейлі өзгергенін айтып.

— Елімізде көлік, тұрмыстық техникалар, жүк вагондарын, құрылыс материалдарын және басқа да сапалы өнімдер шығаратын заманауи зауыттар ашылып жатыр. Тек 2023–2025 жылдардың ішінде 540 индустриялық жоба жүзеге асырылды. Олардың жалпы құны 3,7 триллион теңге болды. Алдағы екі жылда тағы 200-ден астам өндіріс орны іске қосыламыз. Осы мақсатқа шамамен 3 триллион теңге инвестиция тартылады. Іске қосылған жобалардың арқасында қазірдің өзінде 50 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны пайда болды. Қалған жобалар жүзеге асқан соң тағы 20 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылады, — деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент мемлекет отандық кәсіпкерлерді қолдауға баса мән беріп жатқанын жеткізді.

— Жалпы, Қазақстандағы жұмысқа жарамды азаматтардың жартысына жуығы табысын шағын және орта бизнестен тауып отыр. Соңғы бес жылда осы секторда еңбек ететін адам саны 4,5 миллионға жетті. Жалпы ішкі өнімнің 40 пайыздан астамы шағын және орта бизнес саласына тиесілі. Мұны рекордтық көрсеткіш деп айтуға толық негіз бар. Былтыр «Бәйтерек» холдингі арқылы кәсіпкерлерге 8 триллион теңге көлемінде қолдау көрсетілді.

Сонымен қатар елімізде түбегейлі жаңа Құрылыс және Су кодекстері қабылданды. Былтыр Қазақстанда 20 миллион шаршы

метрден астам тұрғын үй салынды. Бұл да тарихымыздағы ең жоғары көрсеткіш. Ең басты нәтиже — мыңдаған отбасы баспаналы болды. Биыл шалғай елді мекендерде тұратын жарты миллионнан астам адамды ауызсумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін 12 ірі жоба іске қосылды, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, мемлекет ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге бұрын-соңды болмаған ақымда қолдау көрсетіп жатыр. Өткен жылы агроөнеркәсіп саласына жеңілдетілген несие беру үшін 1 триллион теңге қаржы тартылған. Осылайша, шаруалар алғаш рет жылдына 5 пайыздық мөлшермен «үзак-мерзімді» қаражат алу мүмкіндігіне ие болды.

— Осындай шаралардың арқасында агроөнеркәсіп кешеніне тиесілі жалпы өнім құны шамамен 10 триллион теңгеге жетті. Ал экспорт көлемі 1,3 есе артып, 7 миллиард доллар табыс түсті. Бұл — соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Озық технологиялар саласы да қарқынды дамып келеді. Әсіресе, отандық фармацевтика бағытында біраз жетістіктеріміз бар. Фармацевтика индустриясына сенім деңгейі бойынша Қазақстан Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасында көш бастап тұр. Мұндай бағаны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы беріп отыр. Отандық дәрі-дәрмек нарығының көлемі 1 триллион теңгеден асты. Кейінгі үш жылда бұл салаға тартылған шетелдік инвестиция көлемі үш еседен астам ұлғайды.

Мен осыған дейін елімізде жаңа инвестициялық кезең басталатынын айтқан едім. Былтыр Қазақстанға тартылған тікелей шетел инвестициясының көлемі 14 пайызға артып, 20 миллиард доллардан асты. Ең бастысы, капитал негізінен өңдеу өнеркәсібі, көлік-логистика, қаржы және цифрлық инфрақұрылым сынды келешегі зор салаларға бағытталуда. Бұл ел дамуы үшін өте жақсы үдеріс екені сөзсіз, — деді Президент.

Осы орайда Мемлекет басшысы мамыр айында қол қойған «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» конституциялық заңының маңызы зор екеніне назар аударды. Дамуы қарқынды цифрлық мегаполистер, инновациялық кластерлер және өнімділігі жоғары индустрия қалыптастыру Қазақстандағы Еуразиядағы технологиялық тұрғыдан өркендеген іскерлік хабқа айналдыруды көздейді.

ЭНЕРГЕТИКА – КЕЛЕШЕКТІҢ КЛҮТІ

Еліміздің үшінші міндеті ретінде Қасым-Жомарт Тоқаев энергетикалық және инфрақұрылымдық негізді нығайту қажетін атады.

— Экономиканың жаңа үлгісіне көшу үшін алдымен энергетикалық, инженерлік және көлік-логистикалық инфрақұрылымды толыққанды дамыту қажет. Бұл маңызды ұштаған кез келген елдің, соның ішінде Қазақстанның да негізгі тірегі саналады. Сондықтан біз энергетикалық және коммуналдық салаларды жан-жақты жаңғырту жұмысын қолға алдық. Осы мақсатта бұрын-соңды болмаған ақымдағы Ұлттық жобаны іске асыру туралы шешім қабылданды. Оны жүзеге асыру үшін тек биылдың өзінде 1 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр.

Қазақстанның энергетикалық балансында көмір, мұнай, газ секілді отын түрлері басым. Көмірсутегі ұлттық экономиканың негізін құрап, бюджетке валюталық түсімінң қосатын бөлігін қамтамасыз етеді. Мұнай-газ шикізаты — экспорттан пайда әкелуімен қатар қалаларымыз бен ауылдарымызды қамтамасыз ететін бағасы қолжетімді жылу мен қуат көзі. Сондықтан біз елді мекендерге газ құбырын тартуды жеделдетуді жоспарлап отырмыз. Көгілдір отынмен қамту көрсеткішін (қазір 65 пайызға жуық) 80 пайызға дейін арттыру міндеті қойылды, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Үкімет дәстүрлі қуат көздерімен бірге «жасыл» энергетикаға баса мән беріп отырғанын баяндады. Оның энергетикалық теңгерімдегі үлесі 7 пайызға жетті. Қарқынды өсіп келе жатқан экономиканы қамтамасыз ету үшін 2029 жылға қарай 13 гигаваттан астам жаңа қуат көздерін іске қосу жоспарланған. Осы орайда, олардың кемінде төрттен бірі жанартыла-

тын энергия көздері есебінен жүзеге асырыламын. Биыл наурыз айында Таза көмір генерациясы жөніндегі ұлттық жоба қабылданды.

— Қазақстан әлемде уран өндіру бойынша көшбасшы және ядролық инфрақұрылымы бар ел саналады. Сондықтан атом генерациясын өте дұрыс таңдалық. 2024 жылғы тарихи референдум кезінде халық қабылдаған шешім, шын мәнінде, өркендетті сипатқа ие. Бұл — елдің энергетикалық дербестігінің кепілі, қуатты көп тұтынатын келешек цифрлық экономиканың сенімді тірегі. Келесі жылы алғашқы атом электр станциясының құрылысы басталады.

Біз еліміздің инфрақұрылымдық арқауының тағы бір мызғымас тірегі — көлік-логистика саласына баса назар аударуымыз керек. Бұл сала стратегиялық маңызға ие. Теміржол саласының жүк тасымалындағы ролін ескере отырып, мемлекет жаңа магистральдар мен вокзалдар салуға және оларды жаңғыртуға баса мән беріп отыр. Былтыр Достық — Мойынты бағытының екінші кезеңі және Алматы қаласын айналдыретін теміржол іске қосылды. Биыл Мойынты — Қызылжар және Дарбаза — Мақтарал, келесі жылы Бакты — Аягөз теміржолдарының құрылысы аяқталады. Еліміздегі автокөлік жолдарының сапасын жақсарту міндетін де орындауымыз керек. Былтыр 13 мың шақырым автокөлік жолын жөндеу жұмысы басталды. Оның 6 мың шақырымы қолданысқа берілді. Кейінгі бес жылда ел аумағы арқылы автокөлікпен тасымалданатын жүк көлемі екі есе артып, 6 миллион тоннаға жетті. Былтыр автокөлікпен жүк тасымалдаушылардың табысы 1,5 триллион теңге болды. Бұл — теміржол саласындағы кіріспен шамалас көрсеткіш, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент авиация саласындағы табысымыз да көбіейіп жатқанын айтып.

— Елімізде жаңа ұшу бағыттары ашылып жатыр. Толыққанды әуе хабтарын қалыптастыру үшін нақты жұмыс жүргізілуде. Әрине, осы тұрғыдан алғанда, Астана қаласында жаңа әуежай салу — кезек күттірмейтін міндет. Көп ұзамай оның құрылысы басталуы қажет. Әуе кеңістігі арқылы жүк тасымалдаушы арнайы компания құру өте орынды шешім болды деп санаймын. Бұл маңызды қадам халықаралық логистикадағы әлеуетімізді күшейтуге ықпал етері сөзсіз.

Бөріңізге мәлім, мен жақында Брюссельге жұмыс сапарыммен барып, Еуропалық Одақтың басшыларымен келіссөздер жүргіздім. Транскаспий халықаралық көлік бағытының дамуы мәселесіне баса мән берілді. Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі кейінгі алты жылда бес есе ұлғайып, бір жылда 4 миллион тоннадан асты. Бұл, негізінен, теңіз тасымалын дамыту және порт инфрақұрылымын жаңғыртудың арқасында мүмкін болды.

Әрине, Парламент тарапынан жасалған заңнамалық қолдау осы саланың қарқынды дамуына күшті серпіліс берді. Атап айтқанда, 2023 жылдан бері көлік-логистика секторын жан-жақты дамытуға бағытталған 8 заң қабылданды. Бірқатар халықаралық келісім де ратификацияланды. Осындай нақты шараларды қабылдау арқылы Қазақстан аймақтағы сенімді энергетика донорына айналмақ. Сондай-ақ еліміз алдағы уақытта аймақтағы жетекші көлік-логистика торабы ретінде жоғары қарқынмен дамитын болады. Бұл — Үкімет алдында тұрған айрықша маңызды міндет, — деді Мемлекет басшысы.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР – БҮГІННІҢ ШЫНДЫҒЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, алдымыздағы төртінші міндет — толыққанды цифрлық мемлекет құру.

— Сіздерді тыңнан түрен салып, цифрлық дәуірге жол ашқан депутаттар деуге болады. Біздің елімізде болсын, әлемде болсын — жалпы еш жерде жасанды интеллекттің заң тұрғысынан реттейтін дайын үлгі немесе тәсіл болған жоқ. Соған қарамастан, сіздер еліміздің осы саладағы өсіп-өркендеуіне берік негіз болатын тиімді құқықтық жүйені құруға елеулі үлес қостыңыздар. Мен Мемлекет басшысы ретінде мұны жоғары бағалаймын.

Жаңа Конституция азаматтардың киберкеңістіктегі дербес деректерін қорғауға кепілдік береді. Бұл — Цифрлық Қазақстан-

ды құрудың негізгі алғышарты. Қазақстан мүлдем жаңа сипаттағы Цифрлық кодекс пен «Жасанды интеллект туралы» заң қабылдаған жаһандағы алғашқы елдердің бірі. Бұл қадам толыққанды Цифрлық ел болу үшін заманауи инфрақұрылымдық негіз қалыптастыруға мүмкіндік берді. Біз қазірдің өзінде осы жұмыстың нақты нәтижесін көріп отырмыз, — деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміз «Үкіметтің жасанды интеллектіге дайындық индексіне» сәйкес Орталық Азияда алдыңғы қатарда тұрғанын айтып.

— Бірақ бұл — үлкен жолдың басы ғана. Алдағы ақымды жұмыстың негізгі бағыт-бағдары Digital Қазақстан жалпыұлттық стратегиясында айқындалды. Мен бұл құжатты маусым айының басында бекіттім. Біз жасанды интеллекттің экономиканың барлық негізгі саласына енгізіп, мемлекеттік басқарудың сапасын түбегейлі жақсартуымыз керек. Осы бағытта алғашқы маңызды шаралар қолға алынды. Мен қантар айында банк қызметі саласына қатысты жаңа заңдарға қол қойдым. Сол арқылы цифрлық қаржы активтерін айналымға енгізудің нақты шарттары айқындалды.

Сондай-ақ менің тапсырмаммен еліміздің құқықтық негізін жүйелей, толыққанды жаңғыртуға мүмкіндік беретін Реттеу жөніндегі интеллект орталығы құрылды. Бұл қадам кәсіпкерлердің жұмысын едәуір жеңілдетік. «Бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсететін e-Government Business экожүйесін дамыту арқылы бизнес үшін қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік туады, — деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, еліміздегі цифрлық банктер мен финтех-компаниялар тұтынушыларға және кәсіпкерлерге арналған қолайлы экожүйенің негізін қалады.

— Қаржы, сауда жүйелері және мемлекеттік қызметтер арасында кедергісіз цифрлық кеңістік қалыптасты. Соның нәтижесінде соңғы бес жылда электронды коммерция нарығы шамамен сегіз есе ұлғайып, 3,7 триллион теңгеге жетті. Бұл — еліміздегі бөлшек сауда көлемінің шамамен 15 пайызы. Қуатты суперкомпьютерлерді іске қосу бұл бағыттағы маңызды қадам болды. Ол жасанды интеллект жөніндегі теориялық тұжырымдарды мемлекеттік басқаруға, экономикаға және ұлттық қауіпсіздікке арналған қолданбалы шешімдерге ұластырды. Дегенмен жасанды интеллект мөл қуат пен есептеу кеңістігін қажет етеді. Дәл осы себепті «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» мегажобасын қолға алудың мәні зор. Аталған жоба әлемдегі жетекші BigTech-корпорацияларды тартатын жойқын гравитациялық алаңға айналады. Үкімет бұл міндетті айрықша бақылауда ұстауы керек. Оның орындалуын ұдайы қадағалап отырамын.

Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығының жанынан екі инновациялық мектеп ашылды. Осы оқиғаның Жасанды интеллект университеті ашылды. Бұл — аталған салаға маман даярлайтын Орталық Азиядағы тұңғыш арнаулы оқу орны болмақ.

Біз мемлекеттік басқарудың логикасы мен философиясын түбегейлі өзгертуіміз керек. Әдеттегі бюрократиядан арылып, тиімділігі жоғары «Мемлекет-платформа» (GovTech) сервистік парадигмасына батыл түрде көшуіміз қажет. Түпкі мақсатымыз — жаһандық технологиялық ландшафтқа орныққан, ұлттық мүддені табанды түрде қорғап, ілгерілетіп, азаматтарына мүлтіксіз қызмет ететін озық цифрлық мемлекет құру, — деді Мемлекет басшысы.

АДАМ ӘЛЕУЕТІНІҢ САПАСЫ

Президент бесінші мәселе ретінде адам капиталын дамыту жайына тоқталды.

— XXI ғасырда шикізатқа немесе халық санына ғана сеніп отыра беруге болмайды. Мұндай ұстаным кез келген мемлекетті жарға жығады. Мен бұл туралы үнемі айтып келемін. Қазір де қайталаймын: инфляцияға тәуелді емес бір ғана капитал бар: бұл — адам әлеуетінің сапасы. Сондықтан біз әлеуметтік салаға бірден-бір стратегиялық бағыт ретінде қараймыз. Бүгінде мемлекет азаматтарды жан-жақты дамытуды көздейтін негізгі салалардың барлығына қолдау қаражат бөліп отыр. Соның ішінде ғылым мен білім, мәдениет пен денсаулық, спорт және әлеуметтік қолдау саласын ерекше атап өткен жөн. Биылдың өзінде осы стратегиялық мақсатқа 19 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр. Бұл — мемлекет бюджетінің жартысынан көбі деген сөз.

Расында, Қазақстан — әлеуметтік салаға айрықша мән беріп, жүйелі әрі байыпты саясат жүргізіп келе жатқан әлемдегі аз ғана мемлекеттің бірі. Бірақ біз мұны нәрсені дұрыс түсінуіміз керек: шынайы әділеттілік деңгейіміз еліміздің бөріне бірдей бөліп бере салу емес. Нағыз әділеттілік — әрбір азаматқа тең мүмкіндік беретін тиімді әрі мұқият ойластырылған жүйе құру деген сөз. Ең бастысы, барлығы заң алдында тең болуға тиіс. Бұл — Әділетті Қазақстанның мызғымас қағидаты, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Парламенттің «Заңсыз немелденген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңды қабылдауы осы қағидаттың нақты көрінісі екенін атады.

— Аталған заң аясында елге триллион теңгеден астам қаражат қайтарылды. Қазірдің өзінде осы қаржының жартысынан көбі халық игілігіне жұмсалды.

(Жалғасы 3-бетте)

2 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҒҒЫРУ ЖОЛЫ

«Әділет» партиясында жаңа Конституцияның күшіне енуіне арналған партия активінің кездесуі өтті. Оған партияның Саяси бюросы мен Саяси кеңесінің мүшелері, сондай-ақ еліміздің барлық 20 өңірінің өкілдері бейнеконференция байланысы арқылы қатысты. Бұл формат партияның ұйымдастырушылық қызметіне цифрлық құралдарды енгізу бағытының бір бөлігі.

Кездесуді ашқан партия Төрағасы жаңа Конституцияның күшіне енуі мемлекет дамуының маңызды кезеңі екенін және елдің қоғамдық-саяси дамуының жаңа бағдарларын айқындайтынын атап өтті.

«Бүгін — Қазақстан үшін сондай айтулы белес. Елімізде Жаңа Конституция күшіне енді. Бұл — жай ғана құқықтық оқиға емес, Қазақстанның тарихи дамуындағы жасампаздық пен жаңғыру жолының бастауы», — деді Айбек Дәдебаев.

Кездесуге қатысушылар мемлекеттік басқаруда конституциялық қағидаттарды іске асыру, заң үстемдігін нығайту, азаматтардың құқықтарын қорғау, адами капиталды дамыту, цифрландыру және қоғамның қатысуын кеңейту мәселелерін талқылады. Партияның Саяси кеңесі мен Конституциялық комиссиясының мүшелері Бөріхан Нұрмұхамедов пен Лаура Карабасова да жаңа Конституция елдің одан әрі дамуы үшін маңызды екенін жеткізді.

«Әділет» партиясы жаңа Конституцияның партиясы ретінде дүниеге келді. Оның конституциялық референдумнан кейін пайда болуының терең саяси мәні бар», — деді Бөріхан Нұрмұхамедов.

Лаура Карабасова Ата заң білім, ғылым және адами капиталдың елдің ұзақмерзімді дамуы үшін негізгі фактор ретіндегі маңызын арттыратынын айтты.

«Бүгінде біз адами капитал мен ғылыми әлеует мемлекеттің ұзақмерзімді дамуының негізгі факторына айналған тарихи кезеңде тұрмыз. Жаңа Конституция білім мен ғылымның рөлін жана деңгейге көтереді», — деді ол.

Талқылаудың бір бөлігі конституциялық құндылықтарды іс жүзінде жүзеге асыру мәселесіне арналды. Әлеуметтік инноваторлар қауымдастығының президенті, Саяси кеңес мүшесі Эмин Әскеров әлеуметтік кәсіпкерліктің өлділік пен тең мүмкіндіктер қағидаттарын ілгерілетудегі маңызын атап өтті. Ал Саяси кеңес бюросының мүшесі Замира Кузиева жаңа Конституция азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтіп,



заң үстемдігі қағидатын нығайтатынын айтты.

«Жаңа Конституция — бұл әділетті, жауапты, заманауи мемлекет құру жолындағы маңызды қадам. Ол әрбір азаматтың құқығы мен еркіндігін қорғауды, заң үстемдігін күшейтуді және мемлекет жұмысының басты өлшемі адам мүддесі болуы тиіс екенін айқын көрсетеді», — деді Замира Кузиева.

Цифрлық трансформация мәселесіне тоқталған Саяси кеңес мүшесі Нұрбек Матжани жаңа Конституцияның заманауи технологиялық сын-кәтерлерді ескеретінін айтып, «Әділет» партиясы өз жұмысына цифрлық құралдарды жүйелі түрде енгізіп келе жатқанын жеткізді.

«Әділет» партиясы өз алдына цифрлық партия болу міндетін қойып отыр, алғашқы қадамдарымыз да жаман емес. Тәуелсіз Қазақстан тарихында бірінші болып партияны тіркеу сатысында цифрлық шешімдерді сәтті қолданды», деді Нұрбек Матжани.

Талқылауды Саяси кеңес бюросының мүшесі, журналист Ирина Тен қорытындылады. Оның пікірінше, жаңа Конституцияның күшіне енуі мемлекет пен қоғам дамуының жаңа кезеңінің басталғанын білдіреді.

«Жаңа Конституция — Жаңа дәуір деген атау жай ғана ұран емес. Бұл — Қазақстанның болашағына, мемлекет пен қоғамның жаңа сапасына, азамат

құқығы мен адам қадір-қасиетіне деген жана ша көзқарастың көрінісі», — деді Ирина Тен.

Партия Төрағасы «Әділет» партиясының басты басымдығы жаңа Конституция қағидаттарын іс жүзінде жүзеге асыру екенін атап өтті.

«Әділет» партиясы қоғаммен және азаматтарымызбен бірге осы жауапты миссияны орындауға толық дайын. Жаңа Конституцияның қағидаттары біздің қызметіміздің негізінде жатыр. Біз жинаған тәжірибе мен қолдағы барлық ресурстар осы қағидаттарды іс жүзінде жүзеге асыруға бағытталады», — деп түйінделі Айбек Дәдебаев.

Кездесу қорытындысы бойынша партияның Саяси кеңесі Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының күшіне енуіне байланысты мәлімдеме қабылдап, әділдік, заң үстемдігі, адамның қадір-қасиетін құрметтеу, қоғамдық келісім және ел болашағы алдындағы жауапкершілік қағидаттарына адалдығын растады. Осы жұмыстың практикалық жалғасы ретінде «Жаңа Конституция — Жаңа дәуір» атты қоғамдық-саяси іс-шаралар циклі басталды. Алдағы уақытта партия өкілдері еліміздің барлық өңірінде азаматтармен және сарапшылар қауымдастығымен кездесу өткізіп, жаңа Конституцияның негізгі ережелері мен олардың практикалық маңызын түсіндіреді.

ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУҒА МАҢЫЗДЫ



«Әділет» партиясының Іскерлік кеңесі алаңында Партия Төрағасы Айбек Дәдебаев тау-кен металлургия кешені кәсіпорындарының басшыларымен, мемлекеттік органдардың және салалық қауымдастықтардың өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында саланы дамыту, отандық кәсіпорындарға қолдау көрсету, жаңа өндіріс орындарын ашу, шикізатты терең өңдеу, инженерлік кадрлар даярлау сынды өзекті мәселелер талқыланды.

Кездесуді ашқан Айбек Дәдебаев Қазақстанның минералды шикізат қоры аса бай екенін атап өтті. Саланың әлеуеті ең алдымен ел экономикасын дамыту жолында қызмет етуге тиіс.

«Бұл — тек экономикалық мәселе емес. Бұл — әділдік мәселесі. Жер байлығы халықтың әл-ауқатына айналуда тиіс. Сондықтан «Әділет» партиясы терең өңдеу ісін дамытуға, жаңа өндіріс орындарын ашуға және жоғары деңгейде өңделген өнім көлемін ұлғайтуға бағытталған Президенттің стратегиялық бағдарын толық қолдайды», — деді Партия Төрағасы.

Оның айтуынша, табиғи ресурстарды пайдалану тәсілін өзгерту қажет. Мемлекет шикізатты экспорттап, сол шикізаттан өндірілген дайын өнімді сатып алып отырған кезде негізгі табыс, жаңа өндірістер мен жұмыс орындары Қазақстаннан тыс жерде қалыптасады. Сондықтан шикізатты терең өңдеу ісін дамыту қадамы өнеркәсіп саясатының негізгі басымдықтарының біріне

айналуға тиіс. «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның мәліметінше, өткен жылғы қорытынды бойынша тау-кен металлургия кешені мемлекеттің жалпы ішкі өнімінің шамамен 8%-ын қамтамасыз етті. Өндірілген өнім көлемі 14 трлн теңгеден асып, экспорт көлемі 21,4 млрд АҚШ долларын құрады. «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ басқарма төрағасы Нариман Абсаметовтің айтуынша, бүгінде тау-кен металлургия кешені мемлекет үшін стратегиялық маңызға ие болып отыр. «Сирек кездесетін минералдарға қолжетімділік мемлекеттің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын маңызды факторлардың біріне айналуға. Қазақстан бірегей минералды шикізат базасына ие және оны тиімді игеру қадамы еліміздің әлемдік нарықтағы позициясын нығайтуға мүмкіндік береді», — деді Нариман Абсаметов. Талқылау барысында сала өкілдері бірқатар жүйелі мәселені көтерді. Атап айтқанда, Тау-кен өндірісі және тау-кен металлургиялық кәсіпоры-

лардың республикалық қауымдастығының атқарушы директоры Николай Ралостовец теміржол тасымалы сала үшін стратегиялық маңызға ие екенін атап өтіп, транзиттік тасымалдан түсетін кірістерді бөрудің неғұрлым теңгерімді тәсілін қарастыруды ұсынды.

«Қазқамқас корпорациясы» ЖШС басқарма төрағасы Руслан Өскенәлі саланы одан әрі дамыту мәселесі мемлекет, бизнес және қоғам арасындағы тұрақты өзара іс-қимылды талап ететінін атап өтті. «Әділет» партиясының Іскерлік кеңесі отандық өнеркәсіпті дамытуға және Қазақстан экономикасын нығайтуға бағытталған бастамаларды әзірлейтін тиімді алаңға айналатынына сенімдімін», — деді Руслан Өскенәлі.

Қатысушылар кәсіпорындарды жаңғырту, инвестиция тарту және білікті кадрлар даярлау мәселелеріне де ерекше назар аударды.

Qarmet АҚ басшысы Вадим Басин кәсіпорында жүргізіліп жатқан ауқымды жаңғырту жұмысы туралы айтып, қауіпсіздікке, еңбек жағдайына және кәсіби кадрларға инвестиция салмайынша өндірісті дамыту мүмкін емес екенін жеткізді.

Кездесуді қорытындылай келе Айбек Дәдебаев бүгінде саланы дамыту мәселесін талқылап қана қоймай, оның жүзеге асырылуын қамтамасыз ету аса маңызды екенін атап өтті. Ол Іскерлік кеңес отырысының қорытындысы бойынша «Әділет» партиясы тау-кен металлургия саласын дамытуға арналған бірінші бастамалар топтамасын әзірлейтінін мәлімдеді. Оның негізін бизнес өкілдерінің, салалық қауымдастықтардың және сарапшылар қауымдастығының ұсыныстары енгізіледі.

«Бүгін нақты әрі шын мәнінде аса маңызды өте көп ұсыныс айтылды. Олардың әрқайсысы жан-жақты қаралып, жүйеленіп, Іскерлік кеңестің алдағы жұмысының бір бөлігіне айналады. Біздің міндетіміз — бизнес пен мемлекет арасындағы диалогтың күн сайын жалғасуын қамтамасыз ету», — деп түйінделі Айбек Дәдебаев. Кездесу соңында «Әділет» партиясының жаңа мүшелеріне партиялық билеттер табысталды.

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР — ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ

«Әділет» партиясының Төрағасы Айбек Дәдебаев Sinovation Venture жасанды интеллект институтының президенті, доктор Ли Кай-Фумен кездесті. Тараптар партия жұмысының тиімділігін арттыру және азаматтармен өзара байланысты нығайту мақсатында заманауи цифрлық технологияларды қолдану мәселелерін талқылады.



Жұрда Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев цифрлық технологияларды енгізу қадамы мемлекеттік басқару мен заң шығару қызметін жетілдірудің негізгі бағыттарының біріне айналуға тиіс екенін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, болжамды сараптаманы, Үлкен деректер және заманауи цифрлық құралдарды пайдалану барысы қабылданатын шешімдердің сапасын арттырып, азаматтардың маңызды бастамаларды талқылауға қатысу мүмкіндігін арттырады.

Кездесу барысында Айбек Дәдебаев «Әділет» партиясы өз жұмысын заманауи цифрлық шешімдерді пайдалану арқылы жүргізіп жатқанын айтып, жасанды интеллектті азаматтармен кері байланыс орнату сапасын арттыру құралы ретінде қарастыратынын атап өтті.

«Біз азаматтарға бағдарланған заманауи саяси ұйым құрып жатырмыз. Біз жасанды интеллектті тек әкімшілік қажеттіліктер үшін пайдаланғымыз келмейді. AI бізге қоғам үшін естуге көмектесейміз», — деді Айбек Дәдебаев.

Партия Төрағасының пікірінше, бүгінде азаматтардың өтініштерін қабылдап қана қоймай, адамдарды нақты қандай мәселелер толғандыратынын түсіну маңызды. Заманауи технологиялар ауқымды ақпаратты талдауға, ең өзекті мәселелерді айқындауға және оларды заңнамалық әрі

партиялық бастамаларды әзірлеу кезінде ескеруге мүмкіндік береді.

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Айбек Дәдебаев мен Ли Кай-Фу жасанды интеллект негізінде мамандандырылған цифрлық платформа құру мәселесін талқылады. Бұл платформа азаматтар мен кәсіпкерлердің өтініштерін өңдеу ісін автоматтандыруға, қоғамдық сұраныстарды жүйелеуге, құжаттармен және заңнамалық базамен жұмыс істеуге, сондай-ақ алынған деректерді заңнамалық бастамалар мен партиялық шешімдерді әзірлеу барысында пайдалануға мүмкіндік береді.

Ли Кай-Фу бұл тәсілді қолдады. Оның айтуынша, ауқымды өтініштермен жұмыс істеу кезінде жасанды интеллект ақпаратты өңдеу ісін автоматтандырып қана қоймай, қоғамның негізгі сұранысын анықтап, азаматтардың пікірін шешім қабылдауға арналған нақты практикалық ұсыныстарға айналдыра алады.

«Заманауи партия үшін адамдарды тыңдау ғана емес, дұрыс сұрақ қоя білу де маңызды. Жасанды интеллект негізгі тақырыптарды айқындауға, әртүрлі сценарийді модельдеуге және анағұрлым дәл шешімдер қабылдауға көмектеседі», — деді Ли Кай-Фу.

Келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар партияға арналған AI-платформасының архитектурасын әзірлеуге уағдаласты. Келесі кезеңде жасанды интеллект технологияларын енгізудің басым бағыттары айқындалып, жобаны жүзеге асыру жұмысы басталады.

«ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫ ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЦИФРЛЫҚ СЕРВИСІН ІСКЕ ҚОСТЫ

Қазақстандықтар небәрі бірнеше минут ішінде онлайн форматта партияға жүгіну, бастама ұсыну, қандай да бір мәселе туралы хабарлау немесе партия қатарына қосылу мүмкіндігіне ие. Азаматтарға қолайлы жағдай жасау мақсатында «Әділет» партиясы өтінім қабылдаудың бірыңғай цифрлық сервисін іске қосты. Бұл туралы Партия Төрағасы Айбек Дәдебаев тау-кен металлургия кешені дамыту мәселесіне арналған Іскерлік кеңес алаңында мәлімдеді.

Жаңа сервис қоғамдық қабылдаулармен, жеке қабылдаулармен және жазбаша өтініштермен қатар, азаматтармен өзара байланыс орнатудың қосымша арнасына айналады. Оған партияның ресми сайты немесе бірыңғай QR-код арқылы өтуге болады.

Қазақстанның әрбір азаматы бірыңғай QR-код арқылы:

- партияның саяси бағдарламасымен таныса алады;
- партия қатарына онлайн түрде қосыла алады;
- өтініш жолдай алады;
- бастама ұсына алады;
- заңбұзушылық туралы хабарлай алады;
- жәрдем сұрап жүгіне алады.

Пайдаланушыларға қолайлы болуы үшін өтінімдер 26 бағыттан тұратын бірыңғай тақырыптық рубрикатор бойынша жүйеленді. Бұл бағыттар ел өмірінің барлық негізгі салаларын қамтиды. Яғни мемлекеттік басқару, цифрландыру, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, экономика, кәсіпкерлік, ТКШ, көлік, экология, ауыл шаруашылығы, азаматтардың құқықтары және тағы басқа. Партия Төрағасы Айбек Дәдебаевтың айтуынша, аталған платформаның іске қосылуы еліміздің цифрлық трансформацияға бағытталған стратегиялық бағдарына толық сәйкес келеді.

«Мемлекет басшысы Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан заманауи тәсілдерді, жедел шешім қабылдауды және мемлекеттік институттарды тұрақты жаңғыртуға талап ететін жана даму кезеңіне қалам басқанын атап өтті. Сондай-ақ Президент цифрландыру мен технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында бірыңғайдан да жылдам өріс тиімді жұмыс істеудің маңызына ерекше назар аударды», — деді Партия Төрағасы.

Өтінім беру барысы барынша жеңілдетілген және оған небәрі бірнеше минут уақыт қажет. Ол үшін QR-код арқылы өту немесе партияның ресми сайтына кіру, қажетті сервисі таңдау, eGov Mobile қосымшасы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланып, жеке басын растау және өтінім жолдау жеткілікті. Өтінім жолданған соң автоматты түрде бірегей тіркеу нөмірі беріледі. Жолданған өтінім қаралғаннан кейін оның ісін көрсетілген байланыс деректері бойынша ресми жауап алады. Цифрлық сервисің іске қосылуы азаматтармен, бизнес өкілдерімен және сарапшылар қауымдастығымен тұрақты кері байланыс орнатуға, келіп түскен өтініштер мен ұсыныстарды жедел қабылдауға, жүйелі мәселелерді анықтауға және заңнамалық әрі басқарушылық шешімдерді әзірлеу кезінде азаматтардың бастамаларын ескеруге мүмкіндік береді. Бұл қадам азаматтардың тұрғылықты жеріне қарамастан, партиямен байланысын барынша нығайтып, жедел әрі қолжетімді етеді.

ҚОҒАМ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ПАРАҒЫ

Кез келген мемлекеттің құқықтық және саяси дамуы оның конституциялық құрылымымен тікелей байланысты. Конституция мемлекеттік биліктің ұйымдастырылу қағидаларын ғана емес, қоғам мен мемлекет арасындағы қатынастардың негізін де айқындайды. Конституцияны түбегейлі жаңарту тұтас заңнамалық жүйенің трансформациялануына алып келеді. Демек, 1 шілдеден бастап күшіне енген Конституция еліміз дамуының жаңа парағын ашып отыр.

Сейсенбі күні өткен Парламент палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің мемлекеттік басқару жүйесінде жана тарихи кезеңнің басталатынын мәлімдеп, Қазақстанның алдағы даму басымдықтарын жан-жақты баяндады. Конституцияның заңды күшіне енуі тек Ата заңның жанаруы ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік институттардың жана жағдайда жұмыс істеуіне жол ашатын маңызды бетбұрыс болып тұр.

Президент бұл отырыстың тарихи мәніне ерекше тоқталып, тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан қос палаталы Парламент өз миссиясын абыроймен атқарғанын атап өтті. 30 жылдан астам уақыт ішінде Парламент мемлекеттілікті нығайтуға, құқықтық жүйені қалыптастыруға, нарықтық экономиканың негіздерін жасауға және елдің тұрақты дамуына зор үлес қосты. Осы уақыт аралығында үш жарым мыңға жуық заң қабылданып, олардың едәуір бөлігі депутаттардың бастамасымен әзірленді. Әрбір шақырым елдің құқықтық жүйесін жетілдіруге өз үлесін қосып, кәсіби парламенттік мәдениеттің қалыптасуына ықпал етті.

Жана кезеңде мемлекеттік билік «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» қағидатына сүйеніп жұмыс істейді. Қазақстан президенттік республика болып қала береді. Президент ел тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығының кепілі, Конституцияның сақталуын қамтамасыз ететін жоғары лауазымды тұлға ретінде өзінің конституциялық өкілеттіктерін жүзеге асырады. Сонымен қатар заң шығару қызметі жана форматтағы Құрылтай арқылы ұйымдастырылып, оның жұмысында ашықтыққа, кәсібилікке және цифрлық технологияларды кеңінен пайдалануға басымдық беріледі.

Мемлекет басшысы заң шығару процесін толық цифрландырудың маңызын ерекше атап өтті. Осыған байланысты толыққанды е-Parliament жүйесін қалыптастыру міндеті қойылды. Заманауи цифрлық платформалар арқылы заң жобаларын қоғамдық талқылауға шығару, үлкен деректерді пайдалану, ықтимал экономикалық және әлеуметтік салдарды алдын ала модельдеу заң шығару сапасын жана деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Президенттің пікірінше, Құрылтай қоғамдық пікірді тиімді жинақтайтын, сарапшылар мен азаматтық қоғам өкілдерінің ұсыныстарын ескеретін ашық алаңға айналуға тиіс.

Саяси жаңғыртудың маңызды бағыты ретінде Қазақстан Халық Кеңесін құру

ұсынылды. Жана консультативтік орган мәслихаттардың, қоғамдық кеңестердің, сарапшылардың және азаматтық қоғам институттарының басын қосып, мемлекеттік шешімдерді әзірлеу кезінде қоғамдық пікірдің кеңінен ескерілуіне мүмкіндік береді. Президент мұны халықтың үніне құлақ асатын мемлекет қағидатын одан әрі нығайтатын маңызды қадам ретінде бағалады.

Әлемде дипломатиялық диалог күшейіп, бейбітшіліктің тұрақтауын ойлайтын Президент әлемдегі геосаяси тұрақсыздық пен экономикалық сын-қатерлердің күшейіп келе жатқанын айтып, мұндай жағдайда Үкіметтің басты міндеті экономиканы тұрақты дамуын қамтамасыз ету, инфляцияны төмендету, инвестиция тарту және экономикалық өсімнің қарқынын сақтау екенін атап өтті. Экономиканы жана үлгіге көшіру Мемлекет басшысы белгілеген негізгі стратегиялық міндеттердің бірі болды. Президенттің мәліметінше, былтыр Қазақстан экономикасы 6,5 пайызға өсіп, жалпы ішкі өнім көлемі алғаш рет 300 миллиард АҚШ долларынан асты. Жан басына шаққандағы ішкі өнім көлемі 15 мың доллардан асып, соңғы жылдары айтарлықтай ұлғайды. Сонымен бірге инфляция деңгейінің төмендеуі, ұлттық валютаның тұрақтылығы және қаржы жүйесінің сенімділігі макроэкономикалық тұрақтылықтың маңызды көрсеткіштері ретінде аталды.

Президент өңдеу өнеркәсібін дамытуға ерекше тоқталды. Соңғы жылдары жүздеген индустриялық жоба жүзеге асырылып, ондаған мың жана жұмыс орны ашылды. Алдағы уақытта жана өндірістер іске қосылып, инвестиция көлемі ұлғаяды. Мемлекет шағын және орта бизнесті қолдауды жалғастырып, оның экономикадағы үлесін арттыруға басымдық береді. Инвестициялық саясаттың жана кезеңінде жоғары технологиялық өндірістерді дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Осы орайда «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңның қабылдануы маңызды қадам ретінде аталып өтті. Президент бұл жобаның Қазақстанның Еуразиядағы технологиялық және инновациялық орталықтардың біріне айналдыруға мүмкіндік беретінін айтты. Қазір облыс орталықтары тұрмақ, аудандарда өндірістік партер құрылып, зауыттар ашылып, жергілікті жұртшылық жұмыспен қамтылып жатыр. Осының бәрі инвестициялық саясаттың жайлылығына байланысты даму үстінде.



Инфрақұрылымды дамыту мәселесіне де кеңінен тоқталған Мемлекет басшысы энергетика, инженерлік жүйелер және көлік-логистика ел экономикасының негізгі тірегі екенін атап өтті. Быыл коммуналдық және энергетикалық жүйелерді жаңғыртуға бағытталған ауқымды ұлттық жобаны жүзеге асыруға рекордтық көлемде қаржы бөлінеді. Газдандыру деңгейін 80 пайызға дейін жеткізу, жанартылатын энергия көздерін дамыту, жана электр қуаттарын іске қосу және жоғары экологиялық талаптарға сәйкес жылу электр стансаларын салу жоспарланған.

Президент одан энергетикасының маңызын да атап өтті. Оның айтуынша, халықтың қолдауымен қабылданған шешім Қазақстанның ұзақмерзімді энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Келесі жылы алғашқы отандық станцияның құрылысы басталады. Елімізді сапалы әрі арзан энергия көздерімен қамтамасыз етудің әсіресе бизнеске, яғни тауар өндірісінің көбеюіне, жұмысшылардың жалақысының өсуіне сеп болады. Себебі көптеген кәсіпорын мен өндіріс ошағының жұмысы электр энергиясына тәуелді. Оның үстіне, бұқараның тұтынушылық сұранысы артып келеді. Сондықтан заманауи технологиямен салынатын стансалар керек.

Көлік-логистика саласы бойынша соңғы жылдары теміржол желілерінің құрылысы қарқын алып, жана халықаралық бағыттар ашылды. Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі бірнеше есеге артты. Президент Қазақстанның транзиттік әлеуетін күшейту үшін жана теміржолдар, автомобиль жолдары, әуежайлар, вокзалдар және логистикалық орталықтар салу жұмыстары жалғасатынын айтты. Сонымен

қатар Астана қаласында жана халықаралық әуежай салу және авиациялық жүк тасымалы инфрақұрылымын дамыту жоспарланып отыр.

Цифрлық мемлекет құру Мемлекет басшысы айқындаған негізгі бес міндеттің бірі болды. Президент Қазақстан цифрлық құқықтарды конституциялық деңгейде қорғаған және жасанды интеллект туралы арнайы заң қабылдаған алғашқы елдердің қатарында екенін айтты. Digital Qazaqstan стратегиясы, GovTech платформасы, Реттеу жөніндегі интеллект орталығы, суперкомпьютерлерді іске қосу, «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» мегажобасы және халықаралық Alem.Ai орталығы елдің технологиялық әлеуетін арттыруға бағытталған.

Сонымен бірге жасанды интеллект университетін ашу, инновациялық мектептер құру және мемлекеттік қызметкерлердің цифрлық сауаттылығын арттыру арқылы жана буын мамандарын даярлау көзделіп отыр. Президент адами капиталды дамыту мәселесіне ерекше тоқталды. Быыл әлеуметтік салаға 19 триллион теңгеден астам қаржы бөлінеді. Бұл қаражат білім, ғылым, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және әлеуметтік қорғау жүйелерін дамытуға бағытталды. Соңғы жылдары жүздеген жана мектеп салынып, шетелдік жетекші университеттердің филиалдары ашылды. Ғылым мен технологиялық саясатты қолдайтын жана заң қабылданып, жас ғалымдарға қолдау күшейтілді.

Денсаулық сақтау саласында да оң өзгерістер жалғасуда. Соңғы жылдары мыңнан астам медициналық нысан іске қосылып, жоғары технологиялық медициналық қызметтердің қолжетімділігі

артты. Мұғалімдердің, дәрігерлердің және әлеуметтік қызметкерлердің еңбекақысы кезең-кезеңімен көбейіп келеді. Әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару жұмыстары жүргізілуде. Қайтарылған қаражат әлеуметтік және коммуналдық нысандар салуға бағытталды. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы мен «Келешек» жинақтау жүйесі жас ұрпақтың болашағына инвестиция салудың жана тетігі ретінде іске асырылып жатыр. Президент әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, зиянды өндірістерде еңбек ететін азаматтарды әлеуметтік қолдау, шамадан тыс кредит алу, ойынқұмарлық, есірткі қылмысы және кибералақтықпен күреске бағытталған заңдардың қоғам үшін маңызын ерекше атап өтті. Мемлекет басшысы ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесіне де арнайы тоқталды. Ұлттық домбыра күні, тарихи-мәдени мұраны дәріптеу, ұлттық өнерді қолдау және жастардың рухани тәрбиесін күшейту мемлекеттің мәдени саясатындағы маңызды бағыттардың бірі ретінде аталды.

Президент өзінің қорытындысында сегізінші шақырылым депутаттарының қызметіне тоқталып, олардың Үкіметке екі мыңнан астам депутаттық сауал жолдап, ондаған Үкімет сағаты мен парламенттік тыңдау өткізгенін атап өтті. Комитеттердің белсенді жұмысы, сарапшылар қауымдастығымен және азаматтық қоғаммен тиімді өзара іс-қимыл заң шығару сапасын арттыруға ықпал еткенін айтты. Қасым-Жомарт Кемелұлы қазіргі сегізінші шақырылым депутаттарының қызметіне де жоғары баға беріп, олардың ел үшін аса жауапты кезеңде еңбек еткенін айтты. Соңғы үш жылдың өзінде 300-ден астам маңызды заң қабылданып, жана Конституцияның талаптарына сәйкес заңнамалық база толықтай жаңартылды. Конституциялық заңдар мен жана кодекстер мемлекеттік басқарудың жана үлгісіне құқықтық негіз қалыптастырды. Мемлекет басшысының Парламенттің бірлескен отырысында сөйлеген сөзі Қазақстанның жана тарихи кезеңдегі даму бағытын айқындаған стратегиялық құжат сипатында болды. Онда мемлекеттік басқаруды жаңғырту, экономиканы әртарапандыру, инфрақұрылымды дамыту, цифрландыру, адами капиталды нығайту және қоғамдық келісімді сақтау бағытындағы негізгі міндеттер жүйеленіп, елдің ұзақмерзімді дамуына арналған басымдықтар белгіленді.

Еліміздің дамуына, халықтың өмір сүру сапасының жақсаруына бағытталған реформаларды қамтамасыз ететін Жана Конституция 1 шілдеден бастап күшіне енді. Отандастарымызды тарихи күнмен құттықтаймын. Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің іргесін білім мен еңбекпен, өнермен, іскерлікпен құрысу, мемлекеттік бастамаларды жарқын болашақ үшін қолдау азаматтық борышымыз.

Қайрат БАЛАБИЕВ

ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМА ЖЫЛНАМАСЫ

Күні кеше халқымыз тағдыршешті тарихи кезеңге қадам басты. 1 шілдеден бастап Қазақстанның жаңа Конституциясы заңды күшіне енді. Осынау құнды құжат – қоғамдағы көпжылдық диалогтың, саяси жаңғыру бағытындағы жүйелі жұмыстардың нәтижесі. Халық өз қолымен қайта толықтырып, түзеткен Ата заң мемлекеттік басқару үлгісін соны соқпаққа бұрып, «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасының шынайы тұғырнамалық негізін қалады.

Жалпы, тақыр жерге шөп өспейтіні секілді конституциялық реформа да толағай-тұлдыр бос кеңістікте кейбіреу қасалмайды. Данғайыра даму даңғылына жол ашқан ауқымды жанақтық астарында тұрғындардың сұранысы мен биліктің ерік-жігері тонның ішкі бауындай тоғысып жатыр. Кейінгі жылдары қоғамда саяси-экономикалық жүйені өзгерту жөніндегі талаптар мейлінше пісіп-жетіліп, әлеуметтік желіде ашық айтылатын болды. Осындай сындарлы сәтте «Еститін мемлекет» концепциясы өз өміршеңдігін дәлелдеді. Азаматтардың мемлекеттік органдарға жолдаған өтініштері, сын-пікірлері, арыз-шағымдары мұқият талданып, тікелей Президентке жеткізіліп отырды. Халық үніне құлақ түрген Қасым-Жомарт Тоқаев қалың бұқараның қалауын нақты реформалар жоспарымен ұштастыра білді. Ең бастысы, Мемлекет басшысы елдің ертеңіне қатысты шешімдер жабық есік артында, жайлы кабинетте емес, жалпыхалықтық талқылаулар аясында қабылдануы қажет екенін ескертті. Сондықтан Ата заңды жанартып жазуға кәсіби мамандармен қатар қарапайым жұртшылық та кеңінен тартылды.

Реформаның жүзеге асу жылнамасына қарасақ, оның жүйелі жоспарға сәйкес жүргізілгенін байқаймыз. Конституциялық жаңғырудың саяси-құқықтық негізі мен идеологиялық іргетасы 2025 жылғы 8 қыркүйекте қаланды десек, ақиқаттың ауылынан алыс қонбаймыз. Дәл сол күні Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауын жариялап, Парламент Сенатын біржола таратуды ұсынды.

– Өткен 30 жылда Сенат өзінің осы аса маңызды тарихи миссиясын абыроймен

атқарып шықты. Жоғары палата заң шығару үдерісінің, басқа да негізгі реформалардың айрықша маңызды тетігі әрі кепілі болып келеді. Баршаныңға мәлім, мен Сенатқа он жыл басшылық еттім. Бұл жұмысты қанда зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік деп санадым. Сондықтан маған осы мінберден парламенттік реформа туралы айту оңай емес. Соған қарамастан мен дәл бүгін елімізде көп ұзамай бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтергім келеді. Бірден айтайын, бұл – өте маңызды мәселе. Оны асығыс жүзеге асыруға болмайды. Бұл реформа азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ, әрине, қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет, – деген Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы мәлімдемесі қоғамның көптен күткен үмітін үрлеп, сенімін серпітті. Себебі ел арасында қоспалаталы Парламенттің тиімділігін сан-саққа жүгірткен өңгіме көп қозғалатын. Президент өз сөзінде мемлекет тағдырын айқындайтын күллі мәселе әлеуметтік келісіммен ғана шешілуі керек деген пікірін тағы қайталады. Мұндай ұстаным биліктің халықпен бірге алға жылжуды мақсат тұтқан мағыналы стратегиясының анық көрінісі еді. Осылайша, бұл Жолдау саяси реформалардың жана кезеңіне кіріспе ретінде тарихта қалды.

Жолдаудың ізін ала Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы мен Конституциялық комиссия қарқынды жұмыс істеді. 2025 жылғы қазан айында Президенттің өкімімен 33 маманнан тұратын Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы құрылып, азаматтық қоғамның ұсыныстары жинақтала бастады. Мемлекеттік басқару теориясы мен заң шығару социологиясы тұрғысынан алғанда, бұл жұмыс тобының құрылуы, құрамы және қызмет қылу форматы отандық құқық шығармашылығы тарихында мүлдем жана парадигма қалыптастырды. Ұжымның құрамына енген 33 адам қоғамның сан алуан санатынан өкілдік етті. Сайдың тасындай іріктелген санлақтар сапында ғалымдар да, Парламент депутаттары да, сарапшылар қауымы да, азаматтық белсенділер де болды. Саясаттану ғылымында мұны «мүдделі тараптардың инклюзиясы» деп атайды. Яғни мемлекет әрқилы әлеуметтік қабаттарды барынша қамтып, бүкіл қоғамның даусына құлақ түруге құлық танытады. Мысалы, депутаттар қолданыстағы құқықтық базаның ішкі иірімдерін терең менгерген мамандар есебінде көп көмектесе, ҚХА өкілдері этносаралық бірлік қағидаларының, өңірлік мүдделердің ескерілуін қадағалады. Ұлттық құрылтай мүшелері реформаның жалпыұлттық сипатын арттырса, ғылыми орта толықтырулар мен түзетулердің конституциялық қисынағы, халықаралық стандарттарға сәйкестігін сараптайтын интеллектуалды сүзгі рөлін атқарды. Әйгілі философ Юрген Хабермастың делиберативті (ақылдасушы) демократия теориясына сүйенсек, заңдардың легитимділігі оларды қабылдау барысындағы тең құқылы дискуссия деңгейімен өлшенеді екен. Егер реформа құжаты, керісінше, ресми органдағы тар шеңберде әзірленсе, заң мәтініне бюрократиялық топтардың сойылын соғатын баптар кіріп кетуі мүмкін. Осы қырынан қарастырсақ та, жана Конституцияны талқылау жұмысы пікірталастан кенде болған жоқ. Қазақстанның бұған дейінгі құқықтық тарихында заң жобалары әдетте белгілі бір ведомство қабырғасында, министрлік мінберінде даярланып, содан кейін ғана Парламентке жолданыпты. Азаматтық қоғам ақырғы кезеңде ғана жазылып қойған жобаны талқылауға қатыастын. 2025 жылғы жұмыс тобының тәжірибесі ондай иерархиялық үлгіні түбегейлі алмастырды деуге толық негіз бар. Ата заңды талқылау кезінде отандық заң шығару әдістемесі «жоғарыдан төмен



қарай» моделінен «төменнен жоғары қарай» моделіне ауысты.

Аталмыш топтың демократиялық тәсілі 2026 жылғы 21 қантарда құрылған кең көлемді Конституциялық комиссияның өнімді жұмыс істеуіне де септігін тигізді. 130 адамнан тұратын комиссияның басшысы болып Конституциялық Сот төрайымы Эльвира Әзімова, орынбасарлары болып Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин мен Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева тағайындалды. Комиссия құрамына ешқандай шетелдік сарапшы тартылмады. Түзетулер түгелдей отандық заңгерлер мен ғалымдардың күшімен дайындалды. Әйтпесе, халықаралық заң шығару тәжірибесінде Конституцияға өзгерістер енгізу үшін Венеция комиссиясы сияқты Бағыс институттарының мамандарына жүгіну үрдісі жиі кездесетін. Біле білсек, мұның өзі құқық саласында кәсіби жағынан жұмысшылықты толықанымызды аңғартады. Комиссияның барлық 12 отырысы онлайн режимде көрсетіліп, әлеуметтік желілерде 1 млн-нан астам қаралым жинады. 2026

жылғы 13 ақпандағы мәлімет бойынша e-Government және «е-Өтініш» жүйелері арқылы комиссияға 12 мыңнан астам өтініш түсіп, оның басым бөлігі құжат мәтінін өңдеуде ескерілген.

Міне, осындай себеп-салдар байланысының арқасында азаматтардың 87,15 пайызы жаңартылған Ата заң жобасын жалпыұлттық референдумда мақұлдады. Өйткені сайлаушылар сырттан танылған құжатқа емес, өздері тікелей эфирде саралап, өздері үн қосқан өз Конституциясына дауыс берді. Сөйтіп, қазақ қоғамы айдай әлемге ауыз-бірішілігін айғақтады. Озық ойлы отандық саясаттанушылар да, шетелдік сарапшылар да еліміздің бұл қаламын посткеңестік кеңістіктегі ең ашық һәм ең демократиялық реформа деп бағалады. Халықтың 87,15 пайызылық тарихи тандауымен бекітілген Ата заңымыз, дау жоқ, Әділетті Қазақстанның айнымас темірқазығына айналмақ. Ендігі міндет – сол конституциялық нормаларды күнделікті өмірде, мемлекеттік мекемелер жұмысында мүлтіксіз орындау.

Айдар ДӘУІТҰЛЫ

ҰЛТТЫҚ ӨРЛЕУДІҢ ЖАҢА СЕРПІНІ



Инновация – мемлекеттің экономикалық тәуелсіздігі мен тұрақты дамуының басты бір кепілі, елдік өрлеудің мызғымас тұғыры. Осы орайда Қазақстанның технологиялық келбетін өзгертетін ауқымды реформалар көш түзеді. Оның аясында Astana Hub барлық қатысушысын жаңа талаппен тіркеуден өткізді. Ең бастысы, ендігі жерде елдің ен байлығын – жер қойнауын игерушілер өз табысының 1%-ын осы технопаркке бағыттауға міндеттелді. Бұл ұшан-теңіз қаржы ұлттық инновацияның тамырына қан жүгірте ала ма? Astana Hub осы уақытқа дейін өз тиімділігін паш етті ме?

Айхан ШӘРІП

МИЛИАРДТАРДЫҢ ЖАҢА МЕКЕНІ

Тәуелсіздіктің туғырын бекемдеп, елдіктің ертенін баянды етер басты бір күш – білім мен инновация. Қазақстанның заманауи цифрлық әлемдегі жаңа дәуіріне жол ашу мақсатында бұған Мемлекет басшысының өзі баса мән беріп отыр. Сондықтан Үкіметте Инновацияларды дамыту жөніндегі арнайы кеңес құрылды.

Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева басқаратын бұл кеңес «Инновациялық штаб» рөлін атқармақ. Оның негізгі міндеті – инновациялық қызмет саласындағы ведомстволық үйлестіруді қамтамасыз ету және елдің технологиялық басымдықтарын айқындау. Сонымен бірге жаңа ұйым осы саланы мемлекеттік қолдау құралдарын жетілдіруге, өңірлік инновациялық жүйелерді дамытуға және кадрлық әлеуетті күшейтуге бағытталған шараларды пысықтауға жауапты.

Бұл жұмыстың нәтижесінде басқарылатын инновациялық жүйені қалыптастыру көзделіп отыр. Жүйе инновациялық белсенділікті арттыруға, Қазақстанның Жаһандық инновациялар индексындағы орнын нығайтуға, жаңа салаларды дамытуға, жоғары технологиялық жұмыс орындарын құруға және қосылған құны жоғары өнім экспортын ұлғайтуға мүмкіндік береді, – деді А. Балаева.

Вице-премьердің айтуынша, жаңа модельдің негізгі идеологиялық өзегі – «инновацияны ғылым арқылы дамыту» тәсілі-

нен «ғылымды инновация арқылы дамыту» қағидатына көшу болмақ. Оның мәні – дайын озық технологияларды игеріп, ел жағдайына бейімдеу және осы негізде отандық ғылымды дамыту. Яғни мемлекет процесстің өзіне емес, нақты нәтижеге қаржы бағыттады екен.

Атап өтетін жайт, бұл кеңес Қазақстанда инновацияларды дамыту тұжырымдамасының негізгі тәсілдерін мақұлдады. Сондай-ақ мемлекеттік органдар, әкімдіктер мен бизнес-сектор өкілдерінен құжат жобасына нақты ұсыныстар сұратты. Сонымен қатар тиісті кестеге сәйкес, алда барлық өңірде мүдделі тараптардың қатысуымен ғылыми-технологиялық сессиялар өткізіледі. Бұл сессиялар бизнестің нақты технологиялық сұраныстарын айқындауға бағытталмақ.

Осы кезде жаңа модельге сай инновацияны қаржыландыру тәсілдері өзгеріске түсіп жатыр. Атап айтқанда, бүкіл жер қойнауын пайдаланушы жылдық табысының 1%-ын Astana Hub-қа бағыттауға міндеттелді. Өнеркәсіп және құрылыс министрінің бүгінде күшіне енген №34 бұйрығымен жер қойнауын пайдалану операцияларының түрлері бойынша Үлгілік келісімшарттарға түзетулер енгізілді. Өзгерістерге сәйкес, қазақ жерінің қойнауындағы қазынасын көсіп-қазып алып жатқан әрбір компания мен кәсіпорын бұдан былай, жыл сайын қазақстандық өндірушілер жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТТҚЖ) қолдау мақсатында өткен жылдың қорытындысы бойынша жиынтық

жылдық табысының кемінде 1%-ын Astana Hub инновациялық кластеріне қатысушылардың жобаларын қаржыландыруға бағыттауға міндетті.

Құжатта көрсетілгендей, ҒЗТТҚЖ-ларды қаржыландыру міндеттемесінің орындалуы ретінде жер қойнауын пайдаланушының осы жұмыстарға нақты жұмсаған шығындары танылады. Бұған жоғары қосылған құны бар өнім өндіруге бағытталған қызметке, экология саласындағы зерттеулерге, еңбекті қорғауға, жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз етуге, өндірістік қызмет пен технологиялық циклді энергия үнемдеуге байланысты шығындар да кіреді.

Сонымен қатар Қазақстанда ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілері жүргізетін ғылыми зерттеулерді қаржыландырушылар, сондай-ақ «Өнеркәсіптік саясат туралы» заңында көзделген өнеркәсіптік-инновациялық инфрақұрылым элементтерін қаржыландыруға бағытталған шығындар да осы міндеттеменің орындалуы болып есептеледі. Ал егер жер қойнауын пайдаланушылар мұның бәрімен айналысуға бас қатырғысы келмесе, «Astana Hub инновациялық кластері туралы» заңға сәйкес автономды кластерлік қорға ақша аудару салса жеткілікті. Сонда міндеттемесі орындалды деп саналады.

ЖЕР ҚОЙНАУЫНЫҢ ЖАСАМПАЗДЫҚҚА ПАЙДАСЫ

Сонда «кемінде 1%» деген қанша сома? Ол сома жыл қорытындысында, яғни келесі жылы белгілі болады. Энергетика вице-министрі Ерлан Ақбаровтың мәліметінше, жер қойнауын пайдаланушылар 2025 жыл қорытындысында ғылыми зерттеуге 8,9 млрд теңге бағыттады. Осыныша мол қаржы негізінен мұнай-газ секторына цифрлық шешімдерді енгізуге, отандық ғылымдар мен инноваторлардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын қаржыландыруға жұмсалыпты.

Жер қойнауын пайдаланушылардың төл шығынының 1%-ын ғылыми зерттеуге бөлу міндеттемелерінің орындалуына ерекше назар аударылады. Бүгінде Қазақстанда жер қойнауын пайдаланудың 320 келісімшарты қолданыста. Оның 291-і қаржыландыру міндетмесіне ие. Оның ішінде 44 келісімшартта ғылымды қаржыландыру келісімшарттық қызмет бойынша жиынтық жылдық табыстан қарастырылған. Ал 247 келісімшарт үлгілік келісімшарт негізінде жасалды және өткен жылдың қорытындысы бойынша өндіруге жұмсалған нақты шығындардың 1%-ын ҒЗТТҚЖ-ға аударуды көздейді. Соның нәтижесінде 2025 жылы ғылыми зерттеуге 8,9 млрд теңге бағытталған, – деді вице-министр.

Ұсынылған деректерге жүгінесек, қаржыландыру көлемі бойынша «Қаражанбасмұнай», «Қоқан» және «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» компаниялары көшбасшылар қатарында.

Реформа аясындағы тағы бір жаңалық: енді ғылымды қаржыландыру мемлекеттік бюджеттің арнайы түсімдері санатына

жатқызылды. 2026 жылы күшіне енген жаңа қағидалар бұл аударымдарды толық орталықтандыруды көздейді. Сондай-ақ қаржыландырылатын жобалар Энергетика министрінің Ғылыми-техникалық кеңесі бекітетін басым бағыттарға қатаң сәйкес болуға тиіс. Ал оларды іске асыру Ғылым комитетінің рәсімдері арқылы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаты негізінде жүзеге асырылмақ.

Мұның сыртында, реформа аясында Astana Hub-тың қатысушылары үлгілік шартқа көшіріліп жатыр. Ұйымның хабарлауынша, әрбір қатысушы үшін бірінші талаптарды қамтамасыз ету және құқықтық рәсімдерді жеңілдету үшін ортақ шарттың жаңа форматы енгізілді. Сондықтан 2026 жылғы 14 наурызға дейін тіркелген барлық қатысушы өз мөртебесі мен салық жеңілдіктерін сақтау үшін жаңа үлгілік келісімге қол қоюға тиіс. Жаңа қатысушылар онсызда жаңа тәртіппен жұмыс істейді. Құжат баршасы үшін бірінші, бірдей талаптарды бекітті. Мұндай формат сондай-ақ қосымша келісімдер жасаспай-ақ нормативтік-құқықтық актілерге енгізілген өзгерістерді қолдануға жеңілдетеді және салықтық жеңілдіктерге тең құқықтарды қамтамасыз етеді екен.

Ресми дерек бойынша жаңа үлгілік шартқа көшкен Astana Hub қатысушылары үшін келесі салық жеңілдіктері көзделген: біріншіден, корпоративтік табыс салығынан босатылады; салыстырар болсақ, Қазақстандағы өзге компаниялар 20% КТС төлейді. Екіншіден, «астанахабтықтар» тауар жұмыстарын өткізсе, қызмет көрсетсе, қосылған құн салығын төлемейді. Ал өзгелерден 16% КҚС алынады.

Үшіншіден, тізбеге енгізілген тауарларды импорттау кезінде КҚС салынбайды (жеңілдіксіз – 16% болар еді). Төртіншіден, шетелден, бейрезиденттерден қызметтерді сатып алу, импорттауда КҚС төлемейді (жеңілдіксіз – 16%). Бесіншіден, Қазақстандағы басқа кез келген жұмыскердің жалақысынан ай сайын 10% жеке табыс салығы (ЖТС) ұсталатыны мәлім, алайда Astana Hub-та қызметкерлердің бөрінің жалақысы, сыйақысы, өзге де ақылары ЖТС-тан толық босатылған.

Алтыншыдан, астаналық осы технопаркте тіркелген компаниялардың шетелдіктерге төлейтін дивидендтерін салып алатын салық небәрі 5%-ды құрайды. Өзге компаниялар елімізде 15% төлеуге мәжбүр. Жетіншіден, шетелдік қызметкерлер үшін әлеуметтік салық – 0% (жеңілдіксіз – 6% болар еді). Сегізіншіден, роялти түріндегі бейрезиденттердің табысына салынатын салық – 0% (жеңілдіксіз – 15%). Бұдан бөлек, визалық жеңілдіктер, мемлекеттік қолдау, субсидия, грант және басқа да игіліктер ұсынылады. Осыған енді жоғарыда айтылған жер қойнауын пайдаланушылардың 1 пайыздық жарнасы қосылды отыр.

ҮМІТ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қаржы министрі Мәди Төкжиевтің айтуынша, Astana Hub алаңында 2 200-ден астам IT компания тіркелген. Соның ішін-

де 500-ден астамы – шетелдік капиталдың үлесі бар компаниялар. Швейцариялық бағытында Alem.AI халықаралық жасанды интеллект орталығы ашылды.

Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің пікірінше, Astana Hub қатысушылары оны офшор ретінде қолданбай, жаңа өнімдер ойлап тауып, жаңа нарықтарға жол ашуы, экспорт үшін жаңа мүмкіндіктер туғызуы қажет. Министр Astana Hub қатысушысы Cerebra AI Ltd дамытқан, инноватор Досжан Жүсіпов ойлап тапқан Cerebra AI жобасын мысалға келтірді.

– Денсаулық сақтау саласындағы нәтижелі кейістің бірі саналатын бұл жоба – инсультті ерте диагностикалауға арналған ЖИ. Ол компьютерлік томография нәтижесін 30 минут орнына 5-10 минутта талдайды. Инсульт диагностикасын елдегі жылдамдатады, дәлдігін арттырады. Жүйе елордадағы 17 емханада, сондай-ақ Ақмола, Маңғыстау, Жамбыл және Алматы облыстарында енгізілді. 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап инсультке күдігі бар 7 600-ден астам пациенттің деректері талданды. Өлім-жітім деңгейінің 40%-ға төмендеуі, сондай-ақ ауақалымы ем алатын пациенттер үлесінің 150%-ға артқаны байқалады, – деді Ж.Мәдиев.

Министр алаяқтықпен күрес аясында AI-антифрод жүйесін енгізу жоспарларын отырғанын жеткізді. Мәнісі мынада: алаяқтар жаппай қонырау шалуға, нөмірді алмастыруға немесе алаяқтық белгілері бар өзге қарекеттерге кіріскенде жүйе қонырауды абонент жауап бермей жатып, миллисекундтар ішінде тоқтатып тастауға тиіс.

Қазақстан америкалық ChatGPT-дің шенеуніктерге арналған баламасын жасалды. Мемлекеттік органдар үшін Ұлттық жасанды интеллект платформасы іске қосылды: тек мемлекеттік қызметшілерге қызмет ететін, қорғалған ортада жұмыс істейтін бұл платформада 15 мыңнан астам пайдаланушының 500 мыңнан аса сұранысы өңделіпті.

Жалпы, ЖИ министрінің дерегінше, Astana Hub экожүйесінде 379 AI-жоба жүзеге асырылу үстінде. «Бұл AI-шешімдерді әзірлеу және оларды экономиканың түрлі саласына енгізу үшін белсенді орта қалыптасқанын көрсетеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша стартаптардың жиынтық табысы 103 млрд теңгені құрады. Барлық кезеңдегі жиынтық табыс 230 млрд теңгеге жетті. 2025 жылғы экспорт көлемі 3,5 млрд теңгеден асты. Сондай-ақ 5 700 жұмыс орны ашылды», – деді Ж.Мәдиев.

Қорыта айтқанда, жер асты байлығын зерде мен зияткерліктің қуатына айналдыру – заман талабы, ұлттық дамудың алтын тұрақты. Бұл ылан-ойпан ақша босқа талан-тараж болмай, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпей, еліміздің инновациялық айдынында үлкен серпіліс жасауына, дамыған мемлекеттерге көшіп қуып жетуіне серпін берсе игі. Қыруар қаржы желге ұшпай, нысаналы жеріне жетіп, тиімді пайдаланылса ғана Қазақстан интеллектуалды ұлт қалыптастырып, жаһандық бәсекеде белсенді ілгері озар кезеңіне қадам баспақ.

КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІ - КЕЛЕШЕК КЕЛБЕТІ

Еліміз көлік-логистика секторын дамытуға басымдық беріп отырғаны белгілі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бұл бағыт елдің жаңа экономикалық үлгісін қалыптастырудағы негізгі факторлардың бірі саналады. Сарапшылардың бағалауынша, көлік дәліздерін дамыту және транзиттік әлеуетті арттыру Қазақстанның өңірдегі бәсеке-келік артықшылықтарын нығайтуға мүмкіндік береді.

Кәмила ДҮЙСЕН

ТАСЫМАЛ ҚАРҚЫНЫ САҚТАЛҒАННЫҢ ДИНАМИКА БӘСЕН

«Біз еліміздің инфрақұрылымдық арқауының тағы бір мызғымас тірегі – көлік-логистика саласына баса назар аударуымыз керек. Бұл сала стратегиялық маңызға ие. Біздің аймақтағы барлық елдер де осы бағытқа ден қойып жатыр, сондықтан бәсеке күшеюде», – деді Мемлекет басшысы.

Президент белгілеген басымдықтар кейінгі жылдары салада жүргізілген институционалдық өзгерістермен де сабақтасып жатыр. 2023 жылдан бері көлік-логистика секторын дамытуға бағытталған сегіз заң қабылданып, бірқатар халықаралық келісім ратификацияланды. Бұл шаралар Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттырып, халықаралық көлік бағыттарындағы рөлін күшейтуге негіз қалайды.

Саясаттанушы Данияр Әшімбаевтың айтуынша, көлік-логистика бағытын дамыту Мемлекет басшысы жүргізіп отырған экономикалық саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады.

«Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанды әлемдік экономикаға тереңірек ықпалдас-тыруды ұсынып отыр және еліміздің жаһандық үдерістерінің белсенді қатысушысына айналуына басымдық береді. Кейінгі жылдары сыртқы саясаттағы белсенділік бизнес-форумдармен және инвесторлармен келіссөздермен қатар жүруі де кездейсоқ емес. Биілік индустрияға, цифрландыруға, логистикаға және агроөнеркәсіп кешеніне салынатын ауқымды инвестициялар жаңа технологиялық экономиканың қалыптасуына негіз болады деп есептейді», – дейді саясаткер.

Сарапшылардың бағалауынша, көлік-логистика секторын дамыту тек инфрақұрылымдық жобаларды іске асырумен шектелмейді. Ол халықаралық сауда байланыстарының кенеюіне, өндірістік кооперацияның нығаюына және ішкі экономикалық белсенділіктің артуына да ықпал етеді. Бұл ретте саланың кәсіргі даму қарқыны мен құрылымдық өзгерістерін бағалау маңызды болып отыр.

Қазақстанның көлік және логистика саласы 2026 жылдың алғашқы бес айында өсімін жағастырғанымен, оның қарқыны біртіндеп баяулап келеді. Жыл басында екі танбалы көрсеткіштермен сипатталған он динамика мамыр айына қарай біршама тежелді. Бұған өткен жылғы жоғары база әсері, халықаралық логистикадағы шектеулер, мұнай өндіру көлемінің төмендеуі және сыртқы нарықтардағы белсенділіктің бәсеңдеуі себеп болды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, 2026 жылдың қаңтар-мамыр айларында «Көлік және қоймалық» саласының нақты көлем индексі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8,4 пайызды құрады. Бұл көрсеткіш қаңтар-сәуірдегі 12 пайыздан және бірінші тоқсандағы 12,8 пайыздан төмен. Сонымен қатар 2025 жылдың алғашқы бес айындағы 23,1 пайыздық өсіммен салыстырғанда да айтарлықтай бәсеңдеу байқалады.

Nalyk Finance сарапшысы Асан Құрманбековтің айтуынша, кәсіргі үрдіс саланың дағдарысқа ұшырағаны емес, өсімін қалыпты деңгейге түсе бастағанын көрсетеді. «Биыл көлік саласында он динамика сақталғанымен, өсім қарқыны өткен жылмен салыстырғанда баяулады. Бұған ең алдымен жоғары база әсері ықпал етіп отыр. Өткен жылы жекелеген сегменттерде өте жоғары өсім тіркелді, сондықтан биылғы көрсеткіштердің салыстырмалы түрде төмен болуы заңды құбылыс. Сонымен қатар халықаралық логистикадағы шектеулер мен сыртқы нарықтардағы сұраныстың бәсеңдеуі де әсер етті. Дегенмен көлік саласы әлі де жалпы экономикадан жоғары қарқынмен дамып келеді», – дейді Асан Құрманбеков.

ЖҮК ТАСЫМАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ӨЗГЕРУДЕ

Елдегі жүк тасымалы көлемі өсіп жатқанымен, оның құрылымында айтарлықтай өзгерістер байқалады. Жыл басынан бері Қазақстанда 382,1 миллион тонна жүк тасымалданған. Бұл өткен жылдың сәйкес



кезеңімен салыстырғанда 2 пайызға жоғары көрсеткіш. Алайда жүк айналымы, керісінше, 7 пайызға қысқарған. Сарапшылар мұны тасымалдау қашықтығының азаяуымен және халықаралық бағыттардың үлесінің төмендеуімен байланыстырады.

Бұл өзгерістерді ең алдымен теміржол саласы сезінді. Елдегі барлық жүк тасымалының шамамен 36 пайызы осы сектордың үлесінде болғанымен, бес ай ішінде теміржол арқылы тасымалданған жүк көлемі 1,8 пайызға азайған. Ал жүк айналымы бірден 11,1 пайызға төмендеді.

Асан Құрманбековтің айтуынша, теміржол секторы сыртқы нарықтағы өзгерістерге аса төуелді.

«Теміржол тасымалы халықаралық сауда ағындарымен тығыз байланысты. Сондықтан сыртқы сұраныстың әлсіреуі, импорт көлемінің өзгеруі және көршілес елдердегі экономикалық белсенділіктің төмендеуі бұл сегментке бірден әсер етеді. Кәсіргі статистика ұзақ қашықтықтағы тасымалдардың қысқарғанын көрсетіп отыр. Бұл халықаралық бағыттардың бұрынғыдай қарқынды жұмыс істемей жатқанын аңғартады. Сол себепті теміржол секторы сыртқы конъюнктураға ең сезімтал бағыттардың бірі болып қала береді», – дейді сарапшы.

Соған қарамастан көлік саласындағы өсімін негізгі драйверлерінің бірі автокөлік тасымалы болып отыр. Қаңтар-мамыр айларында бұл сегментте жүк көлемі 9,7 пайызға артқан. Дегенмен өсім қарқыны жыл басындағы көрсеткіштерден төмен. Мәселен, қаңтар-сәуір аралығында өсім 15,5 пайызды құраса, бірінші тоқсанда 20,4 пайызға жеткен еді.

Мамандар мұны сыртқы нарықтардағы белсенділіктің бәсеңдеуімен түсіндіреді. Соған қарамастан ішкі сауда, құрылыс индус-

триясы және өңірлік логистика автотасымалға деген тұрақты сұранысты сақтап отыр. «Автокөлік тасымалының басты артықшылығы – оның икемділігі. Ішкі нарықтағы өзгерістерге бұл сектор тез бейімделе алады. Құрылыс, сауда және өңірлік жеткізу тізбектері автокөлікке деген сұранысты қолдап отыр. Алайда сыртқы бағыттардағы жүк ағындарының әлсіреуі өсім қарқынының баяулауына алып келді. Сондықтан сектор оң динамиканы сақтағанымен, бұрынғыдай жоғары көрсеткіштерді көрсете алмай отыр», – дейді Асан Құрманбеков.

Ал құбыр көлігі секторында кері үрдіс байқалды. Биылғы бес айда тасымал көлемі 2,4 пайызға, ал жүк айналымы 2,6 пайызға қысқарған. Бұған мұнай өндіру көлемінің төмендеуі мен экспорттық инфрақұрылымдағы шектеулер әсер еткен. Әсіресе, Теніз кен орны мен Каспий құбыр консорциумы бағытындағы жағдайлар сектор жұмысына ықпал етіп отыр.

Әуе жүк тасымалы да қиын кезеңді бастан кешіруде. Бұл сегментте төмендеу 9,2 пайызды құрады. Сарапшылар мұны Тауу Шығыс бағыттарындағы рейстерге қойылған шектеулермен байланыстырады. Ал теңіз тасымалы, керісінше, он серпін көрсетіп отыр. Егер қаңтар-сәуір айларында өсім 4,4 пайыз деңгейінде болса, бес айдың қорытындысы бойынша ол 9,5 пайызға дейін жеткен.

«Құбыр көлігі мұнай өндіру көлеміне тікелей тәуелді. Сондықтан өндірістің қысқаруы статистикаға бірден әсер етеді. Сонымен қатар экспорттық инфрақұрылымдағы уақытша қиындықтар тасымал көлемін тежеп отыр. Ал теңіз тасымалында қалпына келу үрдісі байқалады. Болашақта дәл осы бағытта көлік саласының жаңа өсу нүктелеріне айналуы мүмкін», – дейді сарапшы.

ЖОЛАУШЫЛАР АҒЫНЫ АРТТЫ

Қазақстандықтар биыл да бұрынғыдан көбірек жолға шықты. Қаңтар-мамыр айларында ел ішінде 822,3 миллион жолаушы тасымалданып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 6,6 пайызға артты. Алайда жыл басындағы қарқын біртіндеп бәсеңдей бастағаны байқалады. Егер алғашқы тоқсанда өсім 9,3 пайызды құраса, қаңтар-сәуір қорытындысында 8,7 пайызға дейін төмендеген.

Өзгеріс, әсіресе теміржол секторында айқын көрінді. Бес ай ішінде пойызбен сапарлаған жолаушылар саны 3,4 пайызға азайған. Автокөлік тасымалы әлі де он динамиканы сақтап отырғанымен, мұнда да өсім қарқыны баяулап, 6,8 пайыз деңгейінде қалыптасты.

Ал такси қызметі бұрынғысынан ең жылдам өсіп келе жатқан сегменттердің бірі саналады. Дегенмен бұл нарықта біртіндеп құлапты даму кезеңіне өтім жатқандай. Егер қаңтар-сәуір айларында өсім 69,7 пайызды құраса, бес айдың қорытындысында көрсеткіш 40,8 пайызға дейін төмендеген.

Асан Құрманбековтің айтуынша, мұндай өзгерістер сұраныстың күрт төмендеуінен емес, статистикалық ерекшеліктерден туындап отыр.

«Такси қызметіндегі жоғары өсімнің едәуір бөлігі нақты сұраныстың күрт артуынан емес, статистикалық қамтудың кенеюінен қалыптасты. Бұрын бейресми жұмыс істеген көптеген тасымалдаушы есепке алынды. Сондықтан кәсіргі баяулау табиғи құбылыс ретінде қарастырылуға тиіс. Алдағы уақытта бұл сегмент біртіндеп тұрақты әрі теңгерімді өсім кезеңіне өтеді деп күтіледі. Нарықтың формализациялануы ұзақ мерзімде қызмет сапасын жақсартуға мүмкіндік береді», – дейді сарапшы.

Сарапшылардың бағалауынша, көлік саласының алдағы даму қарқыны бірнеше маңызды факторға байланысты болмақ. Оның ішінде мұнай өндірісінің қалпына келуі, экспорттық инфрақұрылымның тұрақты жұмысы, халықаралық әуе қатынасының толық жандануы және Қазақстанның негізгі сауда серіктестеріндегі экономикалық белсенділікті ерекше рөл атқаратыны.

Кәсіргі өзіне сала өсім факторына сыяна шыққан жоқ. Бірақ халықаралық нарықтағы өзгерістер мен сыртқы шектеулер оның қарқынына әсер етіп отыр. Соған қарамастан көлік саласы ішкі сұраныстың, өңірлік логистиканың және инфрақұрылымдық әлеуеттің арқасында экономиканың негізгі драйверлерінің бірі болып қала берді.

ТЫНЫС

2 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗІ

Қарағандыда жаңа Конституцияның күшіне енуіне арналған «Жаңа Конституция – Әділетті Қазақстанның негізі» атты өңірлік сарапшылық форум өтті. Іс-шараға мемлекеттік органдардың өкілдері, депутаттар, сот жүйесі мен прокуратура қызметкерлері, қоғамдық бірлестіктер және ғылыми қауымдастық өкілдері қатысты. Сонымен қатар Орталық саябақта жаңа Ата заңды қолдауға арналған жастар флешмобы ұйымдастырылды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Форум барысында қатысушылар үш негізгі мәселені талқылады: жаңа Ата заңның мемлекетті нығайтудағы рөлі, бұл үдеріске әрбір азаматтың қосатын үлесі және Конституция қорғауға тиіс құндылықтар. Талқылау өзегінде адам құқықтары мен міндеттері, азаматтық қоғамды дамыту, отбасылық құндылықтар мен қоғамдық келісімді нығайту мәселелері болды.

— Ата заңның ең басты құндылығы — адам, оның өмірі, құқықтары, бостандықтары, еңбегі мен қадір-қасиеті. Жаңа Конституция — жалпыхалықтық референдумды қабылдаған ортақ таңдауымыз. Бүгін оны іс жүзінде жүзеге асырудың жаңа кезеңі басталады. Оның нормалары мен құндылықтарын қаншалықты дәйекті ұстанатынымыз жүргізіліп жатқан реформалардың табысы мен қоғамның мемлекетке

деген сенімін айқындайды, — деп атап өтті Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс прокуроры Мұрат Тілеубердиев заң үстемдігі мен азаматтардың конституциялық құқықтарының маңыздылығына ерекше тоқталды.

— Әділеттілік, заң мен тәртіп, сондай-ақ табиғатқа ұқыпты қарау сияқты кейінгі жылдары қоғамдық сананың ажырамас бөлігіне айналған қағидаттар алғаш рет конституциялық деңгейде бекітілді. Конституцияның басты құндылығы — онда биліктің емес, халықтың еркі көрініс табады. Өйткені Ата заңға сәйкес, Қазақстандағы мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы әрі егемендіктің иесі — халық, — деді ол.

Облыстық соттың төрағасы Ерден Әріпов сот төрелігін жүзеге асырудағы жаңа жағдайлар туралы айтып өтті.

— Жаңа Конституцияның заңды күшіне енуі — еліміздің құқықтық жүйесінің



дамуындағы жаңа кезеңнің басталуы. Оның негізгі міндеті — мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде таңылған азаматтардың қадір-қасиетін, құқықтары мен бостандықтарының нақты әрі тиімді қорғалуын қамтамасыз ету. Бұл міндетті іске асыруда сот билігіне ерекше жауапкершілік жүктеледі. Демек, Конституцияда бекітілген адамдардың құқықтары мен бостандықтарының шынайы қорғалуы, ең алдымен, тәуелсіз, әділ және тиімді сот төрелігіне байланысты.

Ата заңды іске асыру жағдайында сот жүйесінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі — қоғамның сотқа деген сенімін одан әрі нығайту. Сенім тек қабылданған шешімдердің заңдылығымен ғана емес, соттың ашықтығымен, қол жетімділігімен, объективтілігімен және әрбір азаматқа құрметпен қараумен қалыптасады.

Әділ сот — құқықтық мемлекеттің басты өлшемдерінің бірі. Азамат өзінің құқығы бұзылған жағдайда тәуелсіз соттың әділ шешім қабылдай алатынына сенімді болған

кезде ғана Конституцияның құндылықтары нақты өмірде жүзеге асады.

Бүгінде сот жүйесінің рөлі жекелеген құқықтық дауларды шешумен ғана шектелмейді. Сот конституциялық құндылықтарды іске асырудың және қоғамның мемлекетке деген сенімін нығайтудың маңызды институтына айналып отыр. Жаңа Конституция азаматтардың құқықтарын қорғау кепілдіктерін едәуір күшейтті. Маңызды жандылықтардың бірі — адвокатураның конституциялық мәртебесінің бекітілуі. Бұл оның құқықтық мәртебесін арттырып қана қоймай, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы шешуші рөлін айқындады, — деді Ерден Әріпов.

Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы Нұркен Қобжанов «Қазақстан Халық Кеңесінің» құрылуы өңірлердің бастамаларын ескеруге қосымша мүмкіндік беретінін атап өтті. Оның пікірінше, қоғамдық диалогтың жаңа жүйесі тұрғындардың ұсыныстарын республикалық деңгейге тиімді жеткізуге және оларды мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамалық бастамаларды әзірлеу барысында ескеруге жол ашады.

Форум сонымен өңірдің дамуына үлес қосқан қоғам өкілдеріне Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының арнайы басылымның салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті.

ҰБТ ЖОЛЫНДАҒЫ АҚЫЛЫ ҮМІТ



Жыл сайын мемлекет білім саласына, мектептерді жаңарту мен мұғалімдердің біліктілігін арттыруға бюджеттен миллиардтаған қаржы бөледі. Алайда жоғары сынып оқушыларының жаппай ақылы репетитор жалдауы қалыпты жағдайға айналды. Бұл жағдай көкейге: «Мектеп білімі ҰБТ талаптарына сай келмей ме сонда?» — деген сұрақ ұялатады.

Негізі ҰБТ-ға дайындалу үшін білім беру, оқыту орталықтарының репетитор қызметіне жүгінуіне құқықтық тұрғыда ешқандай шектеу жоқ. Бірақ репетиторлардың нақты бір жауапкершілігі, беретін кепілдігі де жоқ екені тағы бар. Оның үстіне репетиторлық қызмет нарығы толық бақылана ма, жоқ па — оны да дөп басып айту қиын. Әдетте, мектепте жұмыс істейтін бірқатар мұғалім мен репетитор оқушыларды ҰБТ-ға даярлау үшін уақыт бөліп, оқыту үшін салық органдарына тіркеліп, арнайы шот ашып әуре болмайды. Кешегі оқушы, бүгінгі студент ретінде мұны біз өз басымыздан өткердік. Ал ата-ана мектепте берілуге тиіс тегін білім үшін қосалқы қаржы шығындап жатыр. Біз осы құбылыстың астарына үнілмек болып ата-аналарға, репетиторларға, педагогтарға хабарластық.

МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫ ТЕРЕН БІЛІМ БЕРЕ АЛМАЙДЫ

Әр тараптың айтар өз үзгі бар. Айталық, қосымша білім беретін орталықтарды ашқандар, репетиторлар үшін ҰБТ-ға даярлау — біршама ірі нарық. Әрі репетиторлар мектептердегі білімге ата-ананың да, оқушының да көңілі толмайтынын ұрымтал түрде пайдаланады. Яғни сұраныс бар жерде, ұсыныс та болады деген сөз.

Өзінің есім-соыы ішінара құпия қалғанын қалаған Дәурен атты екінші кейіпкеріміз нарықта сұранысқа ие, профилілік пәндер, атап айтқанда, математика, физика, химия бойынша бала оқытады екен. Ол мектеп бағдарламасы мен ҰБТ арасындағы алшақтықтың барын жасырмайды, бірақ мұны себебін мұғалімдердің жүктемесінен көреді. Репетитордың айтуынша, қазіргі мектеп бағдарламасы тым жалпылама, ал ҰБТ-да келетін есептер терең логика мен арнайы формулаларды қолдануды талап етеді. Дәурен мырза бір сыныпта 30 бала отырғанда, мұғалім әр балаға жеке тоқталып, күрделі есептің үш-төрт түрлі шешу жолын көрсетуге физикалық тұрғыдан үлгермейтінін жеткізді. Оның үстіне, мектептегі қағазбастылық мұғалімнің шығармашылық әлеуетін шектеп тастаған.

«Бізді салық төлемейді, бақылаусыз деп айыптайды. Бірақ біз мектеп бере алмаған сапаны беріп отырмыз. Маған келетін балалардың көбі математиканың қарапайым ережелерін білмейді. Мектепте оларға тек тақырыпты өткізіп шығу маңызды, ал бізге нәтиже маңызды. Иә, біз заңды түрде «жүз пайыз грантқа түссенің» деп кепілдік бере алмаймыз, өйткені емтихандағы баланы бақылай алмаймыз ғой. Бірақ біздің еңбегіміз нарықта бағаланып тұр. Ата-аналар өз еркімен ақша төлейді, өйткені баласының болашағына алайды», — дейді Дәурен.

РЕПЕТИТОРЛАР ХАЛЫҚТЫ АЛДАП ОТЫР

Ал білім саласының белгілі сарапшысы, көпжылдық тәжірибесі бар ардагер педагог Өмір Шыныбекұлы бұл мәселеге мүлдем басқа қырынан қарайды. Оның пайымдауынша, ата-аналар жаппай репетиторға жүгіну арқылы психологиялық трендке ілеседі және жарнаманың құрбаны болып отыр. Өмір Шыныбекұлы 10-сыныпқа келген балалардың алдында үлкен таңдау тұратынын, себебі 9-сыныптан кейін колледжеге кететіндер кетіп, мектепте тек ҰБТ тапсыратын максатты оқушылар қалатынын айтады. Оның пікірінше, репетиторға барып-келудің өзіне күніне екі сағат уақыт кетеді, ал оның орнына сол

уақытты үйдегі дайындыққа жұмсаған әлдеқайда тиімді. «Екі жыл, яғни 10-11 сыныпта толықтай дайындалуға әбден жеткілікті», — дейді ардагер ұстаз.

Сонымен қатар сарапшы қазіргі білім орталықтарының ата-аналарды арбайтын өзіндік қулықтары мен маркетингтік айла-арын ашып берді.

«Ол орталықтардың өз қулығы көп қой. Алғашқы кезде балаларға оңайлау сұрақтар береді де, сосын «Мына балалар оқымай қойған, бізге келгендердің білімі жоғарылап жатыр» деп қосымша жарнама жасайды. Рас, оқушыларды жақсы дайындайтын орталықтар аз емес шығар, бірақ көбісі сол жарнаманың әсерінен атак алып отыр — делі Өмір Шыныбекұлы.

Педагог бұрынғы жылдары, шамамен 15 жыл бұрын ретсіз сұрақтардың кіріп кеткенін, бірақ кейінгі 7-8 жылда сұрақтардың толық ретке келіп, тек оқу бағдарламасының ішінен ғана алынатынын тілге тиек етті. Өзінің түлектері де ешқандай репетиторсыз, тек мектептегі сабақ үстінде және үйге берілген арнайы тапсырмалар мен апталық тестілердің арқасында жоғары балл жинап, грантка түскенін мақтанышып жеткізді. Дегенмен Өмір Шыныбекұлы қазіргі мектептердегі кадр мәселесін де айналып өтпеді. Ол мектеп мұғалімдерінің барлығы бірдей емес екенін, білім деңгейі төмен немесе оқушыларды өз пәніне үйіріп, игере алмайтын мамандардың да кездесетінін жасырмады. Оның айтуынша, дәл осындай осал тұстардың кесірінен балалар амалсыз оқу орталықтарына барып, жақсы балл алып жатыр және бұл шынықтық жоққа шығаруға болмайды.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ҰБТ-НЫҢ ЖАҢА БОЛАШАҒЫ

Репетиторлық нарықтың дүрбеленімінен қатар, қазіргі білім беру саласында үлкен технологиялық бетбұрыс басталып жатыр. Ұлттық білім беру жүйесі ҰБТ форматын түбегейлі өзгертуге бекініп. Ғылым және жоғары білім министрлігі 2027 жылдан бастап қолданыстағы ҰБТ-ға балама ретінде АИТ (Admission Insight Test) деп аталатын мүлдем жаңа сынақ түрін енгізуді жоспарлап отыр. Бұл жүйенің басты ерекшелігі — тест сұрақтарын құрастыру, оларды іріктеу және жауаптарды тексеру толығымен жасанды интеллектке жүктеледі. Ресми мәліметтерге сүйенсек, жаңа технология тек академиялық білімді ғана емес, сонымен бірге үміткердің эмоционалдық интеллектісін, адалдық деңгейін, антикоррупциялық құндылықтарын және логикалық тереңдігін бағалай алады. Сондай-ақ ЖИ әр оқушының жауап беру деңгейіне қарай бейімделетін адаптивті тестілеу жүйесін іске қосады. Бұл үрдіс бізге білім берудің мүлдем жаңа дәуірі келе жатқанын көрсетеді. Жасанды интеллект енгізілген болашақта құрғақ тест жаттау емес, сыни ойлау мен шынайы білім алдының шепке шығады. Бұл өзгеріс репетиторлық орталықтардың жұмыс тәсілін трансформациялап, мектеп қабырғасындағы сапалы білімнің рөлін қайта асқақтатпақ.

Осындай заманауи кезеңде түлектердің де емтиханға деген көзқарасы өзгеруге тиіс. Болашақ сынақтардан қорықпай, логиканы дамытуға, тақырыптарды механикалық түрде емес, мағынасын түсініп оқуға көшкен жөн. Жаңа формат механикалық жаттауды ысырып тастап, шынайы дарынды балалардың жолын ашады және олардың өз күшіне деген сенімділігін арттырады. Ата-аналар үшін де бұл үлкен жеңілдік әкелмек. Бұдан былай балаға психологиялық қысым жасамай, оның бойындағы шығармашылық пен еркін ойлау дағдыларын қолдау маңызды рөл атқарады. Қымбат құрастар іздеп, отбасылық бюджетті сарқығанша, баланың мектеп бағдарламасын терең меңгеруіне бағыт-бағдар беріп, оның жан-жақты дамуына жағдай жасаған әлдеқайда тиімдірек болады.

Айсұлу ЕРДӘУЛЕТҚЫЗЫ, ЕҰУ-дың 2 курс студенті

ЦИФРЛЫҚ ТҰЗАҚ: БАЛАЛАР НЕГЕ ИНТЕРНЕТКЕ ТӘУЕЛДІ?

Қазір смартфон адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Таңертең ояңған сәттен бастап, кешке ұйықтағанға дейін ақпарат телефонды қолынан тастамайды. Смартфон арқылы адамдар жұмыс істейді, білім алады, ақпарат оқиды, төлем жасайды және қарым-қатынас құрады. Әсіресе, кейінгі жылдары балалар мен жасөспірімдердің интернетке тәуелділігі қоғамдағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бұрын балалар бос уақытын далада өткізіп, кітап оқып немесе спортпен айналысса, бүгінде олардың көпшілігі экран алдында уақыт өткізеді. Бұл жағдай мамандарды алаңдатып отыр.



Қазақстанда балалар арасындағы смартфон қолдану деңгейі өте жоғары. ЭКС-депутат Жаркынбек Амантай Қазақстан бойынша алаңдатарлық статистиканы ұсынған еді. Бұл деректер «Касперский зертханасы» атты халықаралық компания жүргізген сауалнама нәтижесінде анықталыпты. Мәліметтерге сәйкес, Қазақстандағы балалардың 88%-ында жеке смартфон бар. Олардың 28%-ы барлық бос уақытын гаджеттерді үнілуімен өткізеді. Жасөспірімдердің 74%-ы TikTok желісін, 59%-ы YouTube-ты, 57%-ы Instagram-ды белсенді қолданады. Сонымен қатар ата-аналардың 62%-ы балалардың экран уақытын бақылауға арналған арнайы бағдарламаларды пайдаланбайды. Ал 4-6 жас аралығындағы балалардың 17%-ы интернет арқылы сауда-саттық жасайды.

Дегенмен мамандар мәселе телефонның өзінде емес, оны бақылаусыз қолдану екенін айтады. Психолог Мейрамгүл Қуанышбектің пікірінше, балалар психикасы қалыптасу кезеңінде болатындықтан, олар цифрлық тәуелділікке тез бейімделеді.

— Бүгінде телефон өмірдің бір бөлігіне айналды. Бірақ тәуелділік туралы адам телефонда өткізетін уақытын бақылай алмай, телефонның мазмұнына тәуелді болып қалыптасуы мүмкін. Бірақ уақыт өте келе телефон баланың басты ермегіне айналады. Міне, мәселе дәл осы жерде басталады.

Психолог балаларымен көбірек уақыт өткізетін ата-аналардың балалары интернетке азырақ тәуелді болатынын айтады. Бұрын балалар аулада ойнап, велосипед теуіп, спорт секцияларына қатысатын. Қазір де баланың бос уақытын пайдалы дүниелермен толтыру өте маңызды.

— Балаға мінсіз ата-ана емес, эмоционалды қолжетімді ата-ана қажет. Кейде 20 минуттық шынайы әңгіме бірнеше сағат бойы бір бөлмеде үнсіз отырғаннан әлдеқайда маңызды, — дейді Мейрамгүл. Мамандар ата-аналарға үйде «телефонсыз уақыт» енгізуге кеңес береді. Мысалы, кешкі ас кезінде немесе ұйықтар алдында гаджет қолданбау пайдалы. Сонымен қатар ата-ананың өзі де телефон қолдану мәдениетін көрсетуі керек. Себебі бала ең алдымен отбасындағы үлгіні қайталайды.

Егер бала жылағанда, жалыққанда немесе көңілі түскенде үнемі телефон берілсе, ол эмоцияларымен өз бетінше күресуді үйренбейді. Ал бала кейде жалығуы да қажет. Дәл сол сәтте қиял, шығармашылық және ойлау қабілеті дамиды, — дейді маман.

Көп жағдайда ата-аналар балалардың телефонға тәуелді болып кеткеніне байланысты шағымданады. Алайда психологтар мәселені түп-тамыры көбіне ересектерден басталатынын айтады. Себебі бала ата-анасының айтқан сөзінен бұрын, жасаған әрекетін қайталайды.

— Егер үйде бәрі экранға қарап отырса, бала оны қалыпты жағдай деп қабылдайды. Егер ата-ана телефонға тәуелді болса, бала да сондай болады, — дейді психолог.

Расында да, қазір көптеген ата-ана баланы тыныштандыру үшін телефон береді. Кейде бұл ынғайлы көрінеді: бала жыламайды, тыныш отырады, ата-анасына келергі келтірмейді. Бірақ уақыт өте келе телефон баланың басты ермегіне айналады. Міне, мәселе дәл осы жерде басталады.

Психолог балаларымен көбірек уақыт өткізетін ата-аналардың балалары интернетке азырақ тәуелді болатынын айтады. Бұрын балалар аулада ойнап, велосипед теуіп, спорт секцияларына қатысатын. Қазір де баланың бос уақытын пайдалы дүниелермен толтыру өте маңызды.

— Балаға мінсіз ата-ана емес, эмоционалды қолжетімді ата-ана қажет. Кейде 20 минуттық шынайы әңгіме бірнеше сағат бойы бір бөлмеде үнсіз отырғаннан әлдеқайда маңызды, — дейді Мейрамгүл. Мамандар ата-аналарға үйде «телефонсыз уақыт» енгізуге кеңес береді. Мысалы, кешкі ас кезінде немесе ұйықтар алдында гаджет қолданбау пайдалы. Сонымен қатар ата-ананың өзі де телефон қолдану мәдениетін көрсетуі керек. Себебі бала ең алдымен отбасындағы үлгіні қайталайды.

Қазіргі қоғамда интернеттен толық бас тарту мүмкін емес. Өйткені цифрлық технология — заман талабы. Бірақ ең маңыздысы, телефон адамды басқармауы керек. Мамандардың пікірінше, балалардың интернетке тәуелділігі тек отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мәселесіне айналып отыр.

Әсемай ЖӘНІБЕК, ЕҰУ-дың 2-курс студенті

2 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ



ҚАЙТА ОРАЛҒАН «ҚАН мен ТЕР»

Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тері» – қазақ әдебиетінің ғана емес, қазақ сахна өнерінің де тағдырлы туындысына айналған шығарма. Роман-трилогиядағы Арал теңізі жағасындағы елдің ауыр тұрмысы, арпалысы, кек, ар мен азап сахнаға жаңа тыныс берді. Бұл шығарма алғаш рет Мұхтар Әуезов атындағы драма театрдың сахнасында қойылды. Оны қойған – режиссер Әзірбайжан Мәмбетов.

Гүлзина БЕКТАС

Мәмбетов қойған «Қан мен тер» спектаклі КСРО Мемлекеттік сыйлығын иемденіп, театр өнерінің биік белесін бағындырды. Бұл шығарма ғана дүркіреген жоқ, спектакльде басты кейіпкерлерді сомдаған актерлердің де есімі бірге жарқырады. Еламан бейнесін Асанәлі Әшімов сомдап, кейіпкерінің ішкі күйзелісін, арпалысын, намысын терең психологиялық қуатпен айрықша жеткізе білді. Ақбала рөліндегі Фарид Шәріпов да әйел жанының нәзіктігін, тағдыр тәлкегіне түскен қайшылықты болмысын шынайы көркемдеп берді. Бұл спектакль көрермен арасында аңызға айналды. Режиссерлік шешім, актерлік құрам, трилогияның даңқы осылай аспандап еді. Бұдан кейін де бір рет қайта сахналанды. 2007 жылы Қазақстанның Еңбек Ері Әзірбайжан Мәмбетов Қалибек Қуанышбаев театрында қайта қойған болатын. Одан бері де жиырма жыл өтіпті. Шығарманы көп режиссер сахналауға жүрегі дауаламағаны рас. Өйткені трилогияның сюжеті оңай емес, оны кез келген режиссер қоюға жүрексінер еді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Нұрлан Жұманиязов араға ұзақ жылдар салып, туындыны қайта сахналап отыр. Шығарманы сахнаға лайықтап дайындаған – көрнекті актер Тілектес Мейрамов. Екі мықтының тандемінен құралған «Қан мен тер» спектаклінің премьерасы өтті.

КЕҢЕС ЗАМАНЫНДА ЦЕНЗУРАҒА ҰШЫРАДЫ

Режиссер бұл шығармаға қалай келді? Оны қайта қоюдың сыры неде? Режиссер Нұрлан



Арал мәселесі – барша қазақтың жанына батар дүние. Аралдың бүгінгі жағдайы әлемдік деңгейдегі үлкен трагедияға айналды. Сондықтан бұл – қазақтың ғана емес, бүкіл адамзаттың қайғысы. Экологияға жаны ашитын кез келген мемлекет Арал тағдырына бейжай қарамауы қажет. Көрермен тарихты білу үшін осы спектакльді көруі керек

Жұманиязов: «Бұл шығарма М.Әуезов театрының сахнасында кеңестік уақытта қойылды. Дүркіреп шыққаны рас. Көрерменің де тәнті еткен, сол замандағы театр өнерін де биікке шығарған қойылым болды. Біз Әзірбайжан Мәмбетовтің мектебін бітірдік. Менимен бірге еврей, татар, орыс,

поляк қыз-жігіттері болды. Сол кездерде Әзекен марқұм ұстаз ретінде көп ақыл-көңесін берді. Сол кісінің тәлім-тәрбиесін көп көрдік.

«Қан мен терді» автор шығарма ретінде астарлап жеткізгенімен, сахналық нұсқасында оны шығару өте ауыр. Кеңестік кезеңде мұндай шығарманы беру үшін кеңестік цензураның талабына сай келу керек еді. Кей тұстары цензураның сынынан өтпей қалатын. Сол үшін де шығарманы тұспалдап көрсетуге тырысты. Кейбір тұстарын ашық бере алмады. Екіншіден, автор «Қан мен терді» өмірлік кредосы ретінде ұстап, өмірінің соңына дейін кей тұстарын өзгертіп, кей тұстарын редакциялап кетті. Сондықтан соңғы шығарған кітабын, өзгерткен тұстарын қарасаңыз, көп дүние өзгергенін байқайсыз. Соңғы шығарылым оқығаннан кейін көп ойландым. «Шығармадағы негізгі қайшылық неде?» деген ой туды. Өмір бойы малмен айналысқан қазақ үшін Аралды игеру, балық шаруашылығымен айналысу тансық болғаны рас. Әрі қазақ ауылдарына Кеңес үкіметінің келуі, иелік етуі қазақ шаруасына ауыр тигені анық. «Қан мен терге» қайта үйліуіміз осы дүниелер әсер еткен болар», – дейді.

Шығарманы сахнаға лайықтап, инсценировкасын жасаған Тілектес Мейрамов екені белгілі. Әрине, Нұрпейісовтің әйгілі шығармасын қайта жазуға болмайтын шығар. Дегенмен сахналық нұсқасын әзірлеп, дайындау да оңай дүние емес. «Тілектес Мейрамовты автор деп айтуға келмес. Бұл туындының авторы – біреу, ол – Әбдіжәміл Нұрпейісов. Инсценировка деген – сахнаға бейімдеу, икемдеу дегенді білдіреді. Сол үшін де Тілектес Мейрамовқа «Сен осыны қолға алшы, екеуміздің идеямыз, мақсат-мүддеміз бірге шықсын» деп өтініш жасадым. «Қан мен тер» аяқты кең басып, еркін шабуына мүмкіндік беретін дүние ғой. Бұл шығарманың тақырыбы әлі де өзекті, ескіре қойған жоқ. Бүгінгі прогресті де ұмыттырмайтын, адами қасиеттерді басты орынға қоятын туындыны қайта қоюдың басты себебі де осында», – дейді режиссер.

АРАЛДЫҢ ЖАЙЫ – БҮКІЛ АДАМЗАТТЫҢ ҚАЙҒЫСЫ

Суреткер ретінде, режиссер ретінде осы шығарманы тандауының себебін осылай түсіндіреді. «Елдікті сақтаудың жолында күресе білуіміз керек» деген кредоны ұстанады. «Қан мен тердің» әлі де қажеттілігі бар екенін айтады. Бұл шығарма кеңестік кезеңде өз миссиясын орындап қойған деп шешім қабылдауға болмайды. Оның әлі де айтары бар. Сол себепті де «Қан мен тер» – уақыт өткен сайын көмескі тартпайтын, қайта жаңғырып, қайта оқылатын, қайта қойылатын классикалық туынды. Бұған жастардың (жас актерлер) көзқарасын, ойынын, шығармашылық ізденісін қоссақ, режиссер мен инсценировка авторының көздеген мақсаты орындалды деп айтуға негіз бар. Ал оған баға беретін – тағы да жас көрермендер болары анық.

«Сахналық ізденістерді көрсетуге дыбыс, музыка, актерлік құрам – толық сай келуі керек. Сонда ғана театрдың мүмкіндігі арқылы спектакльді жана деңгейге шығаруға болады», – дейді режиссер. Жұманиязовтың айтуынша, «Арал мәселесі – барша қазақтың жанына батар дүние. Аралдың бүгінгі жағдайы әлемдік деңгейдегі үлкен трагедияға айналды. Сондықтан бұл – қазақтың ғана емес, бүкіл адамзаттың қайғысы. Экологияға жаны ашитын кез келген мемлекет Арал тағдырына бейжай қарамауы қажет. Көрермен тарихты білу үшін осы спектакльді көруі керек», – дейді.

Театр өзінің 35-ші маусымын осылай қорытындылады. «Қан мен тер» жана маусымның да шымылдық ашар шығармасы болары анық. Әзірге көрермен тарапынан да беріліп жатқан баға жаман емес. Ауыр шығарманы, оқиғасы терең дүниені көрерменге де қабылдау оңай тимейтіні хақ.

«Актерлік құрамның өнері бейжай қалдырған жоқ. Спектакль басталған сәттен соңына дейін сахна ымырт жамылған күйде тұрды. Сахнадағы қою кара тұман сол заманның (өткен ғасырдың алғашқы жылдары) аласапыранын еске түсіріп тұрғандай әсер қалдырады. Өмір бойы мал баққан қазақ ауылы патша үкіметінің келуімен Аралдағы балықты азық етеді. Бірде балық түссе, бірде құр қалады. Бұл кезең – ақ пен қызылдың таласы өршіп тұрған кез. Бірде аз, бірде аз-маз балықты қанағат тұтқан қазақ өмірінің ащы бейнесі бір ауылдың тарихы арқылы көрсетіп берді», – дейді Акерке Игісін атты көрермен.

Режиссер Нұрлан Жұманиязов сахналаған «Қан мен тер» – өткеннің қасіретін бүгінгі күнмен сабақтастырған, көрермен жүрегіне ауыр сауал тастаған қойылым.

Сахнаға қайта оралған «Қан мен тер» қазақ әдебиетінің мәңгілік мұрасын театр тілінде қайта сөйлетіп, ұлттық руханияты салмағын тағы бір мәрте айқындап берді.

ДОМБЫРА КҮНІ АТАЛЫП ӨТЕДІ

Биыл осы атаулы күнге орай Астанада мазмұнды мәдени бағдарлама әзірленді. Қазақстанда жыл сайын шілде айының алғашқы жексенбісінде Ұлттық домбыра күні аталып өтеді.



Бұл – қазақ халқының рухани мұрасы мен төл мәдениетінің басты нышанының бірі саналатын қасиетті домбыра арналған мереке. Биыл осы атаулы күнге орай Астанада мазмұнды мәдени бағдарлама әзірленді. 2 шілде күні сағат 15:00-де Байқоңыр ауданының Қаламгерлер аллеясында Ұлттық домбыра күніне арналған мерекелік концерт өтеді. Бағдарлама аясында «Алтын домбыра» ансамблі қазақтың аспаптық музыкасының тандаулы туындыларын орындайды. 3 шілде күні сағат 19:00-де Нұржол желжолында ашық микрофон форматында Dombra Party өтеді. Күй мен халық әндерін орындауға ниетті кез келген тұрғын қатысып, мерекелік кештің көркін қыздыра алады. 5 шілде күні сағат 17:00-де Бейбітшілік және келісім сарайында дәстүрлі «Асыл мұра» концерті өтеді.

Мәдени кешке еліміздің белгілі өнер қайраткерлері мен дәстүрлі өнер өкілдері қатысады. Сондай-ақ сахнада «Қорқыт» ансамблі, «Шалқыма» би ансамблі, Dala Sound квартеті және Е.Рахматиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның хоры өнер көрсетеді. Сол күні елордалық амфитеатрда тұрғындар мен қала қонақтарына жаңа форматтағы мультимедиялық шоу ұсынылады. Сағат 12:00-ден 20:00-ге дейін мұнда балаларға арналған мәдени-ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылып, түрлі тақырыптық алаңдарда шеберлік сабақтары, шығармашылық белсенділіктер мен интерактивті ойындар өтеді. Ал сағат 20:00-де амфитеатрда мерекелік концерттік бағдарлама басталады.

CREATIVE AIMAQ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Астана күні қарсаңында, 4-5 шілде күндері елордада республикалық Creative Aimaq жобасы аясында «Ботай – Ұлы дала мәдениеті» атты креативті жәрмеңке ұйымдастырылады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, іс-шара Creative Aimaq республикалық жобасы аясында Qazaq Creative Hub алаңында өтеді. Жобаны «Креативті индустрияларды дамыту қоры» корпоративтік қоры орындайды.

Көрме үш тақырыптық аймақтан тұрады: бірінші аймақ тарихи-мәдени мұраға арналады. Келушілер Ботай мәдениетімен, археологиялық жаңалықтармен, қазақ халқының дәстүрлерімен, ұлттық колоритпен, сәндік-қолданбалы өнермен және Абылай хан тарихымен таныса алады.

Екінші тақырыптық алаң Солтүстік Қазақстан облысының креативті экономикасына арналады. Мұнда өндіріс үздік брендтері, ұлттық нақыштағы заманауи дизайнерлік киім топтамалары, авторлық өшекейлер, кәдесыйлар, колоритшілердің бұйымдары, сәндік-қолданбалы өнер туындылары және ұлттық мәдениеттің заманауи үлгілері таныстырылады.

Үшінші кеңестік технологиялар мен медиаға арналған. «Цифрлық киізүй» аймағында ақпараттық технологиялар, жасанды интеллект, робототехника, GameDev, VR/AR, 3D-баспа және цифрлық шығармашылық салаларындағы жобалар ұсынылады. Бағдарлама этно-концертпен, жанды музыкамен және өндіріс брендтер мен халық шеберлерінің өнімдері қойылған көрме-жәрмеңкемен қорытындыланады.



AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албап АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағатхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЖАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 875-42-14, 8(7172) 72-95-31
ek@ama.aikyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.ait@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4758
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,